

2026. 13 (3)

Asian Journal

"STEPPE PANORAMA"



ISSN 3135-8055

ISSN 3135-8055 (online)

Құрылтайшысы және баспагері: Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Ғылыми журнал Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2025 ж. 5 сәуірде тіркелген. Тіркеу нөмірі № KZ91VPY00116246. Жылына 6 рет жарияланады (электронды нұсқада).

Журналда тарих ғылымының *келесі бағыттары* бойынша ғылыми жұмыстар жарияланады: тарих, этнология.

Жарияланым тілдері: қазақ, орыс, ағылшын.

Редакция мен баспаның мекен-жайы:

050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй

ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Журнал сайты: <https://ajspiie.com>

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институты 2026
© Авторлар ұжымы, 2026

БАС РЕДАКТОР

Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР ҒЖБМ ҒКШ. Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас директоры. (Қазақстан)

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА

Аутрам Алан (Outram Alan) — археология ғылымдарының докторы, Эксетер университеті, тарих және археология кафедрасының профессоры. (Ұлыбритания)

Аширов Адхамжон Азимбаевич — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Өзбекстан Республикасы Ғылым академиясының Тарих институтының Этнология және антропология орталығының меңгерушісі. (Өзбекстан)

Әбіл Еркін Аманжолұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты. (Қазақстан)

Әлімбай Нұрсан — тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

Вернер Кунтһиа (Werner Cynthia) — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Техас университеті. (АҚШ).

Дайнер Александр (Diener Alexander) — тарих ғылымдарының докторы, профессор. Канзас университеті. (АҚШ)

Жаркен Айгүл Мәлікқызы — тарих ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)

Кригер Виктор (Kriege Viktor) — тарих ғылымдарының докторы, Нюрнбергтегі Бавариялық немістер мәдени орталығының (BKDR) ғылыми қызметкері. (Германия)

Оайон Изабель (Ohayon Isabelle) — тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, CERCEC директорының орынбасары, Францияның Ұлттық ғылыми зерттеу орталығының (CNRS) қызметкері. (Франция)

Сабурова Татьяна — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Индиана университеті. (АҚШ)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) — PhD, Оксфорд университетінің профессоры. (Ұлыбритания)

Муминов Ашірбек Құрбанұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ислам тарихы, өнер және мәдениет ғылыми-зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкері IRCICA – İslam Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Түркия)

Римантас Желвис (Želvys Rimantas) — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті. (Литва)

Смағұлов Оразақ Смағұлұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Болон ғылым академиясының корр. -мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)

Томохико Уяма — PhD, Хоккайдо университетінің Славян және Еуразиялық зерттеулер орталығының профессоры (Жапония)

Ян У. Кэмпбелл (Ian W. Campbell) — PhD, Калифорния университетінің профессоры (АҚШ)

ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР

Қайпбаева Айнагүл Толғанбайқызы — тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ш. Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының жетекші ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

ҒЫЛЫМИ РЕДАКТОРЛАР

Қапаева Айжан Тоқанқызы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

Кубеев Рустем Жаулыбайұлы — Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

ТЕХНИКАЛЫҚ ХАТШЫ

Бурханов Бимурад Бадритдинұлы — магистр, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

ISSN 3135-8055 (online)

Учредитель и издатель: РГП на ПХВ «Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова»
Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан

Научный журнал зарегистрирован в Комитете связи, информатизации и информации Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан, свидетельство о регистрации:

№ KZ91VPY00116246 от 03. 04. 2025 г. Публикуется 6 раз в год (в электронном формате).

В журнале публикуются научные работы *по следующим направлениям* исторической науки: история, этнология.

Языки публикации: казахский, русский, английский.

Адрес редакции и издательства:

050010 Республика Казахстан, г. Алматы, ул. Шевченко, д. 28

РГП на ПХВ Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Сайт журнала: <https://ajspiie.com>

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР

Кабульдинов Зиябек Ермуханович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, генеральный директор Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК. (Казахстан)

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Абиль Еркин Аманжолович — доктор исторических наук, профессор, Депутат Мажилиса Парламента РК. (Казахстан)

Алимбай Нурсан — кандидат исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

Аутрам Алан (Outram Alan) — доктор археологических наук, профессор департамента археологии и истории Университета Эксетера. (Великобритания)

Аширов Адхамжон Азимбаевич — доктор исторических наук, профессор, заведующий Центром этнологии и антропологии Института истории Академии наук Республики Узбекистан. (Узбекистан)

Вернер Синтия (Werner, Cynthia) — доктор исторических наук, профессор. Техасский университет. (США)

Дайнер Александр (Diener Alexander) — доктор исторических наук, профессор. Канзасский университет (США)

Жаркен Айгуль Маликовна — доктор исторических наук, профессор Евразийского национального университета им. Л. Н. Гумилёва. (Казахстан)

Исмагулов Оразак Исмагулович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. (Казахстан)

Кокебаева Гульжаухар Какеновна — доктор исторических наук, профессор Казахского национального университета имени Аль Фараби. (Казахстан)

Кригер Виктор (Kriege Viktor) — доктор исторических наук, научный сотрудник Баварского культурного центра немцев (BKDR) в Нюрнберге. (Германия)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) — PhD, профессор Оксфордского университета. (Великобритания)

Муминов Аширбек Курбанович — доктор исторических наук, профессор, старший научный сотрудник Исследовательского центра исламской истории, искусства и культуры. IRCICA – İslâm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Турция)

Оайон Изабель (Ohayon Isabelle) — кандидат исторических наук, профессор, заместитель директора CERCEC, сотрудник Национального центра научных исследований Франции (CNRS). (Франция)

Римантас Желвис (Želvys Rimantas) — доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет. (Литва)

Сабурова Татьяна — доктор исторических наук, профессор, Университет Индианы. (США)

Таймагамбетов Жакен Кожаметович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК. (Казахстан)

Томохико Уяма — PhD, профессор Центра славяно-евразийских исследований Хоккайдского университета (Япония)

Ян Кэмпбелл (Ian W. Campbell) — PhD, профессор Калифорнийского университета (США)

ОТВЕТСТВЕННЫЙ РЕДАКТОР

Каипбаева Айнагуль Толганбаевна — кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

НАУЧНЫЕ РЕДАКТОРЫ

Капаева Айжан Токановна — доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

Кубеев Рустем Джаулыбайулы — научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

ТЕХНИЧЕСКИЙ СЕКРЕТАРЬ

Бурханов Бимурад Бадритдинович — магистр, научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

ISSN 3135-8055 (online)

Founder and publisher: RSE on REM" Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology" of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan

The scientific journal is registered at the Committee for Communications, Informatization and Information of the Ministry for Investments and Development of the Republic of Kazakhstan, registration certificate: No. KZ91VPY00116246 dated 03. 04. 2025. The journal is published 6 times a year (in electronic format).

The journal publishes scientific works in the *following areas* of historical science: history, ethnology.

Publication languages: Kazakh, Russian, English.

Editorial and publisher address:

28 Shevchenko Str., 050010, Almaty, Republic of Kazakhstan

RSE on REM Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MSHE of the Republic of Kazakhstan

Tel.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Journal website: <https://ajspiie.com>

© Ch.Ch. Valikhanov Institute
of History and Ethnology, 2026
© Group of authors, 2026

EDITOR-IN-CHIEF

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, General Director of Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology SC MSHE RK. (Kazakhstan)

EDITORIAL BOARD

Abil Yerkin Amanzholovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Member of the Mazhilis of the Parliament of the RK. (Kazakhstan)

Alimbay Nursan — Candidate of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

Azimqulov Javohir — Doctor of Historical Sciences, Professor, Head of the Center for Ethnology and Anthropology at the Institute of History, Academy of Sciences of the Republic of Uzbekistan. (Uzbekistan)

Diener Alexander — Doctor of Political Science, Professor, University of Kansas. (USA)

Ian W. Campbell — PhD, Professor at the University of California (USA)

Ismagulov Orazak Ismagulovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University. (Kazakhstan)

Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna — Doctor of Historical Sciences, Professor at the Al-Farabi Kazakh National University. (Kazakhstan)

Kriege Viktor — Doctor of Historical Sciences, Researcher at the Bavarian Cultural Center of Germans (BKDR) in Nuremberg. (Germany)

Morrison Alexander — PhD, Professor, University of Oxford. (UK)

Muminov Ashirbek Kurbanovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Senior Researcher at the Research Center for Islamic History, Art and Culture. IRCICA (İslâm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi). (Turkey)

Ohayon Isabelle — Candidate of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of CERCEC, Researcher at the French National Center for Scientific Research (CNRS). (France)

Outram Alan — Doctor of Archaeological Sciences, Professor in the Department of Archaeology and History at University of Exeter. (Britain)

Rimantas Želvys — Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University. (Lithuania)

Saburova Tatiana — Doctor of Historical Sciences, Professor, Indiana University. (USA)

Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan. (Kazakhstan)

Werner, Cynthia — Doctor of Historical Sciences, Professor, Texas university. (USA)

Tomohiko Uyama — PhD, Professor at the Slavic-Eurasian Research Center, Hokkaido University. (Sapporo, Japan)

Zharken Aigul — Doctor of Historical Sciences, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University. (Kazakhstan)

EXECUTIVE EDITOR

Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna — Candidate of Historical Sciences, leading researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Kazakhstan).

ACADEMIC EDITOR

Kapaeva Aizhan Tokanovna — Doctor of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

Kubeyev Rustem Dzhaulybayuly — researcher at Ch. Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

TECHNICAL SECRETARY

Burkhanov Bimurad Badritdinovich — Master's, researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

ТАРИХНАМА ЖӘНЕ ДЕРЕКТАНУ /
ИСТОРИОГРАФИЯ И ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ /
HISTORIOGRAPHY AND SOURCE STUDIES

Published in the Republic of Kazakhstan
Asian Journal "Steppe Panorama"
Has been issued as a journal since 2014
ISSN 3135-8055.
Vol. 13. Is. 3, pp. 608-625, 2026
Journal homepage: <https://ajspiie.com>

FTAXP / MPHTI / IRSTI 03. 20
https://doi.org/10.51943/3135-8055_2026_13_3_608-625

THE LETTER OF GUYUK KHAN AS A HISTORICAL SOURCE

*Alpysbes Makhsat*¹, *Khumarzhakh Altynbek*^{2*}, *Kara Abdulvahap*³

¹L.N. Gumilev Eurasian National University
(2 Satpayev Str., Astana, 010000, Republic of Kazakhstan)
Doctor of Historical Sciences
 <https://orcid.org/0000-0001-5670-251X>. E-mail: alpysbes_ma@enu.kz

²L.N. Gumilev Eurasian National University
(2 Satpayev Str., Astana, 010000, Republic of Kazakhstan)
PhD student
 <https://orcid.org/0000-0003-3653-6141>. E-mail: mail@e-history.kz
*Corresponding author

³Mimar Sinan Fine Arts University, Istanbul, Turkiye,
PhD, Professor
 <https://orcid.org/0000-0001-9270-6761> E-mail: abdulvahap.kara@msgsu.edu.tr

© Ch.Ch. Valikhanov IHE, 2026
© Alpysbes M.A., Khumarzhakh, A. Kara A., 2026

Abstract. Introduction. The epistolary legacy of the rulers, representatives of the famous Chingizid dynasty, of the 13th century is of particular value. This form of historical data is understudied in scholarship. Among these, the letters of Guyuk Khan, the third Great Khan and his direct successor in the empire established by Genghis Khagan, occupy a special place. Analysis of these documents opens new possibilities for understanding the political, administrative, and cultural processes of the era of Genghis Khagan's successors. *Goals and objectives* of this study is a comprehensive analysis of Guyuk Khan's letters as a historical source. To achieve this, the following objectives were set: to determine the main content of the letters, determine their significance in describing Güyük Khan's political and administrative activities, and evaluate their place in the study of the history of Genghis Khagan's empire. *Results.* The study defined the scope of the topic covered by the documents under study, issues of domestic and foreign policy, the system of governance, international relations, and other specific objectives. Analysis of the sources allows us to understand the experience of international diplomacy of the era and the specifics of Güyük Khan's political and legal ideas. *Conclusion.* The letters of Guyuk Khan are an important historical document about the state of Genghis Khan and the ruling dynasty. Further study is necessary for analyzing the epistolary legacy of the medieval era in Central Asian history.

Keywords: history, sources, Turkic world, Central Asia, Guyuk Khan, diplomatic letters, Genghis Khan's state, epistolary heritage

For citation: Alpysbes M. A., Khumarzakh, A. Kara A. The Letter of Guyuk Khan – as historical sources // Asian Journal "Steppe Panorama". 2026. Vol. 13. No. 3. Pp. 608–625. (In Kaz.). DOI: 10.51943/3135-8055_2026_13_3_608–625

Acknowledgements. This article was prepared within the framework of implementation of the project of program-targeted financing of the Public Association "Kazakh Historical Society". The project is titled "New sources on the history and geography of Kazakhstan: analysis, translation and introduction into scientific circulation" (registration number: BR28713777).

КҮЙІК ХАННЫҢ ХАТЫ – ТАРИХИ ДЕРЕК КӨЗІ РЕТІНДЕ

Алпысбес Мақсат¹ Хумарзах Алтынбек^{2*} Қара Әбдіуақан³

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеті
(2-үй, Сәтпаев көш., 010000 Астана, Қазақстан Республикасы)
Тарих ғылымдарының докторы
 <https://orcid.org/0000-0001-5670-251X>. E-mail: alpysbes_ma@enu.kz

²Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеті
(2-үй, Сәтпаев көш., 010000 Астана, Қазақстан Республикасы)
PhD докторанты
 <https://orcid.org/0000-0003-3653-6141>. E-mail: mail@e-history.kz
*Корреспондент-автор

³Синан Мимар Өнер университеті, Стамбул, Түркия Республикасы,
PhD, профессор
 <https://orcid.org/0000-0001-9270-6761> E-mail: abdulvahap.kara@msgsu.edu.t

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2026
© Алпысбес М.А., Хумарзах А., Қара Ә., 2026

Аңдатпа. *Kipicne.* XIII ғасыр билеушілерінің, әсіресе әйгілі чингизидтер әулеті өкілдерінің эпистолярлық мұрасы ерекше құнды болып келеді. Бұл ғылымда аз зерттелген тарихи дерек түрі. Оның ішінде Шыңғыс қаған құрған империяда оның үшінші Ұлы ханы, өзінің тікелей мұрагері, Күйік ханның (1206–1248) хаттары ерекше орын алады. Бұл құжаттарды талдау Шыңғыс қаған ұрпақтары дәуіріндегі саяси, әкімшілік және мәдени үдерісті түсінуде жаңа мүмкіндіктерді ашады. *Зерттеудің мақсаты мен міндеті.* Зерттеу мақсаты – Күйік ханның хаттарын дереккөз ретінде тарихи контекстте жан-жақты талдау. Мақсатқа жету үшін мынадай мәселелер қойылды: хаттың тарихи жағдайын, мазмұнын айқындау, Күйік ханның саяси-әкімшілік қызметін көрсетуде оның маңызын анықтау, Шыңғыс қаған (1155–1227) империясының тарихын зерттеудегі дерек орнын бағалау. *Нәтижелер.* Зерттеу барысында талдауға алынып отырған құжатта қамтылған тақырып міндеттері, ішкі және сыртқы саясат мәселелері, басқару жүйесі, еларалық қатынастар, жеке тапсырмалар анықталды. Дереккөз талдауда сол кездегі еларалық дипломатия тәжірибесі, Ұлы хан Күйіктің саяси-құқтық ойының ерекшелігін түсінуге мүмкіндік береді. *Қорытынды.* Күйік хан хаттары Шыңғыс қаған мемлекеті мен билеуші әулеті туралы маңызды тарихи құжат. Оны одан әрі зерттеу Орталық Азия тарихының ортағасыр дәуірі эпистолярлық мұрасын талдау үшін қажет.

Түйін сөздер: тарих, дереккөздер, түрік әлемі, Орталық Азия, Күйік хан, дипломатиялық хаттар, Шыңғыс қаған мемлекеті, эпистолярлық мұра

Алғыс. Мақала «Қазақ тарихи қоғамы» Қоғамдық бірлестігінің «Қазақстан тарихы мен географиясы бойынша жаңа дереккөздер: талдау, аудару және ғылыми айналымға енгізу» тақырыбындағы бағдарламалық мақсатты қаржыландыру жобасын жүзеге асыру аясында орындалды (жеке тіркеу нөмірі: BR28713777).

Дәйексөз үшін: Алпысбес М.А., Хумарзах А., Қара Ә. Күйік ханның хаты – тарихи дереккөз ретінде // Asian Journal «Steppe Panorama». 2026. Т. 13. № 3. 608–625 бб. (Қаз.). DOI: 10.51943/3135-8055_2026_13_3_608–625

ПИСЬМО ГУЮК ХАНА КАК ИСТОРИЧЕСКИЙ ИСТОЧНИК

Алпысбес Махсат Алпысбесұлы¹, Хумарзах Алтынбек^{2}, Қара Абдуакаб³*

¹Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева

(д. 2, ул. Сатпаева, Астана, 010008, Республика Казахстан)

Доктор исторических наук

 <https://orcid.org/0000-0001-5670-251X>. E-mail: alpysbes_ma@enu.kz

²Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева

(2, ул. Сатпаева, Астана, 010008, Республика Казахстан)

докторант PhD

 <https://orcid.org/0000-0003-3653-6141>. E-mail: mail@e-history.kz

*Автор-корреспондент

³Университет изобразительных искусств Мимар Синан, Стамбул, Республика Турция,

PhD, профессор

 <https://orcid.org/0000-0001-9270-6761> E-mail: abdulvahap.kara@msgsu.edu.t

© ИИЭ имени Ч.Ч. Валиханова, 2026

© Алпысбес М.А., Хумарзах А., Қара А., 2026

Аннотация. *Введение.* Эпистолярное наследие правителей, представителей знаменитой династии чингизидов, XIII века представляет особую ценность. Это малоизученный в науке вид исторических данных. Среди них особое место занимают письма Гуюк-хана (1206–1248), третьего великого хана и его прямого наследника в империи, созданной Чингиз каганом. Анализ этих документов открывает новые возможности для понимания политико-административных и культурных процессов эпохи наследников Чингиз кагана (1155–1227). *Цель и задача исследования* – контекстуальный анализ писем Гуюк-хана как исторического источника. Для достижения этой цели были поставлены следующие задачи: определить основное содержание писем, определить их значение в описании политической и административной деятельности Гуюк-хана, оценить их место в изучении истории империи Чингиз кагана. *Результаты.* В ходе исследования были определены рамки задач темы, охватываемой изучаемым документом, вопросы внутренней и внешней политики, системы управления, международных отношений, и другие отдельные задачи. Анализ источников позволяет понять опыт международной дипломатии эпохи, специфику политико-правовой идеи Гуюк-хана. *Заключение.* Письма Гуюк-хана являются важным историческим документом о государстве Чингисхана и правящей династии. Их дальнейшее изучение необходимо для анализа эпистолярного наследия средневековой эпохи истории Центральной Азии.

Ключевые слова: история, источники, тюркский мир, Центральная Азия, Гуюк хан, дипломатические письма, государство Чингисхана, эпистолярное наследие

Благодарность. Статья подготовлена в рамках реализации проекта программно-целевого финансирования Общественного объединения «Казахское историческое общество» по теме «Новые источники по истории и географии Казахстана: анализ, перевод и ввод в научный оборот» (регистрационный номер: BR28713777).

Для цитирования: Алпысбес М.А., Хумарзах А., Қара А. Письмо Гуюк хана – как исторический источник // Asian Journal «Steppe Panorama». 2026. Т. 13. № 3. С. 608–625. (На каз.). DOI: 10.51943/3135-8055_2026_13_3_608–625

Кіріспе

Тарихи деректердің сан алуан түрлері ішінде эпистолярлық мұра ерекше орын алады және оның тарихи зерттеулер үшін маңызы зор. Осы тұрғыда ел билеушілері мен мемлекет қайраткерлерінің өзге елдің басшыларына жазған хаттары зерттеулерде сол дәуірдің ішкі саясаты мен дипломатиялық қарым-қатынастарын, сондай-ақ тарихи тұлғалардың билеуші ретіндегі жеке көзқарастарын түсінуге мүмкіндік береді. Еуропа мен Моңғол арасындағы қарым-қатынастар туралы мәлімет беретін дереккөздер көп болғанымен, оның ішінде ең ерекшесі – Плато Карпинидің Кіндік Азия жеріне жасаған саяхаттары туралы кітабы ең құнды мұралардың бірі. Алтын Орда мен Ноғай Ордасы тарихын зерттеуші әйгілі ғалым В. Трепавловтың редакторлығымен 2022 жылы жарық көрген басылым – ең соңғы басылым (Плато Карпини, 2022).

Бұл тұрғыда Шыңғыс қаған империясы тарихындағы үшінші Ұлы ханы Күйік ханның (деректерде, Гуюк хан, Guyuk han) тұлғасы ерекше мәнді екені мәлім. Оның үшінші Ұлы ханы деп аталуының себебі, ол Шыңғыс қағанның жеке пәрменімен Ұлы қаған ретінде ресми мұрагерлікке көзі тірісінде тағайындалған Үгедейдің (қазақ шежірелерінде есімі – Оқтай), тұңғыш ұлы болғандықтан. Моңғол тарихшысы А. Аман: «Моңғол ұлысы Азия мен Еуропа құрлығының халықтарының нелер бір озық мәдениетін, төрт ұлыстың, сауда қатынастарының, білім, өнерлік үлгілерінің нақты нәрін өн бойына сіңірген қуатты орталығына айналды-мыс. Шыңғыс қағанның кезіндегі гүлденген моңғол ұлысының қуаты одан кейінгі таққа отырған Өгедей, Күйік, Мөңке, Құбылай хандардың тұсында да өз маңызын жоймаған» деп жазған (Аман, 2011: 142).

Тарихи туындының ең алғашқы сөйлемі «Cingis Qayan-nu husaur» / «Шыңғыс хахан-ну құзауыр» деп жазылған. Мәтіннің осы сөйлемдерін аударған ғалым Н. Базылхан: «Шыңғыс қағанның құзар тегі Дергей жоғары Тәңірден жаратыла туған Бөрте-Чыңу екен» деген нұсқа үлгісінде келтірген (Моңғолдың құпия шежіресі, 2006: 57). Дегенмен, өткен ғасырдың орта шенінде зерттеу жүргізген әйгілі синолог Б. Панкратовтың еңбегінде: «Біріншіден, барлық қолжазбаларда «*Шыңғыс хахан-у хужаур*» сөздері бөлек жолға қойылғанын атап өткен жөн. Осы сөздерден кейін жолдың соңына дейін бос орын қалдырылған, сондықтан келтірген үзіндіні былай аударамыз: «Шыңғыс ханның шығу тегі». «*Шыңғыс хахан-у хужаур*» түпнұсқаның нақты атауы ұйғыр жазуымен жазылған» деп көрсеткен (Панкратов, 1993: 8).

Салыстырмалы түрде С. Козиннің (Козин, 1941) жариялаған «Сокровенное сказание монголов» («Моңғолдың құпия шежіресі») еңбегінің аударма мәтінінде орын алған көптеген қателіктер зерттеушілерді адастыруда. Оған қарағанда Б. Панкратовтың аудармасы дәлірек келеді. Сол себепті бұл дереккөздерді әртүрлі тілдерге аударылып жарияланған нұсқаларды салыстыра пайдалану қажет. Бұл туралы зерттеуші Р. Фидаров атап өткен. Оның пікірінше, «дереккөзге сәйкес, Еуропаға аттанған жорықта әскери қолбасшы ретінде Бури мен Күйік Бату мен Мөңкеге тең дәрежеде болды. Шамамен, төрт ұлыстың ханзада өкілдері ретінде жорық кезінде аға төрт ханзаданың ұстанымы, пікірлері және лауазым мүдделері теңдей болуын ескеріп, өзара үйлестірілген шешім қабылдап отыру тапсырылған. Сонымен қатар, жоғарыда айтылғандай, империялық жарлықпен әскери жорықты төрт аға қолбасшы арасында белгілі иерархия орнатылып, олар Шыңғыс қағанның Жошы, Шағатай, Үгедей, Толуй сынды төрт ұлының ағалық дәрежесіне сәйкес келді. Олардың қара шаңырақ иелері ретінде тиісінше Бату, Бури, Күйік, және Мөңке ретімен ұсынылды» (Фидаров, 2023: 528).

Чингизидтер әулетінің тарихын тиянақты зерттеген ғалым Т.И. Султанов еңбегінде: «жоғарыда келтірілген деректерді ескере отырып, қытай зерттеушісі Хэ Шаоминнің¹ болжамы шындыққа жанасатын сияқты: Күйіктің анасы Үгедейдің бірінші әйелі Борақчин, одан кейінгі әйелдері қатарында Төрегене еді, ал Үгедейдің өзге ұлдары басқа әйелдерінен туғанда, Күйіктің өзі Төрегененің ұлы болған. Төрегене қолына уақытша билікке ие болған билеушінің мінез-құлқын түсіндіреді, өйткені ол марқұм күйеуі Үгедейдің соңғы өсиетін орындамай, оған

¹ Ескерту. Хэ Шаомин (1848-1933) – XX ғасыр басында «Жаңа Юаньши» («Xīn Yuánshǐ») кітабын шығарған қытайдың тарихшысы. (Қар.: Ошан Ж. Қытай ғалымдарының Моңғол империясы және Орта Азия тарихының аталған кезеңіне қатысты зерттеулер // ҚР ҰҒА Хабарлары. №1 (280). 2012. Б 30.)

қайшы әрекет етіп, «Шыңғыс ханның әулетінде» алауыздық тудырды. Ақыр соңында созылмалы аурудан зардап шегіп, биліктен бас тартпақ тұрса да, оның баласы Күйікті қаған етіп тағайындады. Міне, Ширамунға тақтан бас тарту және Күйіктің таққа отыруының басты себебі: Үгедейдің өсиетіне сәйкес мұрагер Ширамун әлі «жетілген» емес еді; Күйік ханзада – марқұм Үгедей ханның (Рашид ад-Диннің) үлкен ұлы деп көрсетті. Сөйтіп, Күйік 1246 жылдың шілденің соңында өткен Құрылтайда Ұлы хан болып сайланды. Төрегене қатын Күйіктің істерін ұйымдастыра алды, сондықтан жиналғандардың көпшілігі қаған атағын соның ұлына беруге келісті, ал Шыңғыс қаған әулетінің басқа да барлық тармақтарынан келген ханзадалар құрылтайға қатысты. Рас, Жошы ұлысының басшысы, Күйіктің тікелей жауы Бату, сылтау айтып, құрылтайға өзі қатыспады, бірақ ол өзінің бес ағасын, соның ішінде 1242 жылы Шағатай қайтыс болғаннан кейін патша әулетінің ең үлкен өкілі болған Орда-Еженді жіберді. 1246 жылғы тамыз құрылтайынан екі-үш айдан кейін Төрегене хатун қайтыс болды (Султанов, 2006: 40-41).

Қытайтанушы ғалым Бақыт Еженханұлы анықтағанындай: «Юань патшалығының қытай дереккөздеріндегі сақталған кейбір мәліметтеріне қарағанда, аталмыш кезеңде Юань патшалығына нақты билігін жүргізген Төрегене хатун өз ұлының, яғни Күйіктің мөрі басылған бос қағазды пайдаланып, өзінің бұйрық хаттарын жазып отырған. Аталмыш жағдай Үгедей билік құрған соңғы кезеңде де болған, оның нақты дәлелі ретінде біз қытай ғалымы Цай Мейбяодың 1951 жылы Пекин университетінің кітапханаларының біріндегі көне құлпытас ескерткіштерінің эстамптары арасынан тапқан «Еке хедунь да хуанхоу ичжи бин чжу фэуцы ичжи» (也可合敦大皇后懿旨并诸妃子懿旨), яғни «Ұлы хатун мен өзге де ханшайымдардың бұйрығы» деп аталатын, 1240 жылы түсірілген қытай-моңғол қостілді жарлықты (жарлықтың эстампын) көрсетуге болады. Даосизм ғибадатханасына қолдау көрсету мақсатында «Еке хедунь», яғни «Ұлы хатунның» атынан түсірілген бұл жарлықтағы басылған мөр қытайша «Ханди чжи бао» (皇帝之宝), яғни «Патша мөрі» деп жазылған. Демек, аталмыш жарлықтағы мөр – Үгедей ханның мөрі. Зерттеушілер аталмыш жарлықта айтылатын «ұлы хатунды» әуелі Төрегене хатунның өзі деп межелеген, алайда, кейін келе бұл пікірден бас тартқан ғалымдар да бар. Бұл пікірді әуелі жарлықты тапқан қытай ғалымы Цай Мэйбяо айтқан. Ол өзінің 1955 жылы шығарған «Юаньдай бэйхуа бэй цзилу» (元代白话碑集录, «Юань патшалық дәуіріндегі қарапайым қытай тілінде жазылған құлпытас ескерткіштерінің жинағы») атты топтамасында аталмыш «ұлы хатунды» Төрегенеммен теңестіреді (Еженханұлы, 2023: 295; Цай Мэйбяо, 1955: 7).

1246 жылы күзде өткен Құрылтайда Күйікті Ұлы хан ретінде сайлап бекітті. Күйік ханның алғашқы ерлігі 1236 жылы ұзақ уақыт жалғасқан Цзинь патшалығымен соғыста оның соңғы билеушісін күйрету даңқы оқиғасымен байланысты. Оның қысқа, бірақ маңызды билігі империялық институттардың қалыптасуымен және әртүрлі саяси күштердің қақтығысымен тұспа-тұс келді. Күйік ханның билік құрған кезеңінің, жалпы, Шыңғыс қаған империясының тарихының дереккөздер базасы үзік күйінде қалып отыр, ол толықтыра түсуді және мұқият талдауды қажет етеді, сондай-ақ әртүрлі материалдарды пайдалануды талап етеді. Жошы Ұлысының орыс тарихнамасында Алтын Орда деп аталуы жайлы да зерттеу тұжырымдарын жарыққа шыққан еңбегімізде кең талдадық (Алпысбес, Алеушинов, 2023: 466).

Шыңғыс қаған империясының тарихында, Күйік хан Үгедей ханның әйелі Төрегене хатуннан туған үлкен ұлы ретінде деректерде есімі аталады. Төрт Ұлыс иелесі үлкен үйдің оғландарының бірі – Күйік хан Русь жеріне қол бастап барған көшбасшының бірі еді. Бату хан әскердің оң қанатына Бөрі және Сүбедеймен бірге қолбасшылық еткен, ал сол қанатқа Күйік хан Мөңкемен бірге қолбасшылық жүргізген. Бату Күйік пен оның немере ағасы Бөріні ренжітеді. Жасы қырық жас шамасында болған Күйік ханның мінезінің екі сипаты бар еді: бір жағынан Күйік хан қатал, мықты әрі байсалды қолбасшы болды. Ол расымен де қабілетті әрі тәжірибелі болды. Екінші жағынан, оның жеке тұлға ретінде кемшіліктері де бар еді: әкесі Үгедей сияқты ішімдікке үйір болған. «Үгедейдің ұлы және Шыңғыс ханның немересі Күйікті 1246 жылы 24 тамыз күні ақ киізге көтеріп, қағандыққа сайлады. Күйік қаған таққа отырған соң серіктестері Махмұд Ялавач пен Чинкайды бұрынғы қызметіне қайта тағайындап, өзінің саяси билігін нығайтты. Ол провинциялық басқаруға араласып, өз адамдарын орналастырып

отырды. Бату ханмен ұстасуы ақыр соңында олардың өзара тікелей дұшпандыққа ұласқанда, әскерлерін бастап шығып, бір-біріне қарсы жылжыды. Бірақ Бешбалыққа бара жатқан жорық жағдайында Күйік қаған ішімдікті шамадан тыс ішуден қайтыс болды» (Оловинцов, 2014).

Сол үшін Бату хан өзінің немере інісі Күйікті ағалық тәрбиеге алған. Бірақ бұл Күйікке ұнамай, ол Батуды «сақалды кемпір» дегендей сөзбен намысына тиген деседі. Бұл туралы «Моңғолдың құпия шежіресінде» айтылады (ескерту: Үгедей қаған мен оның ұлы Күйіктің есімін дереккөзді аударған, транскрипциялаған ғалым Н. Базылхан «Өгедей», «Күйүк» деп берген – М.А.): «Бату Қыпшақ жорығында Өгедей, қағанға елші жіберіп өтініп: «Мәңгілік Тәңірінің күші дүр! Қаған немере ағаның сұсында (құдыретінде) Мекет қаланы бұзып, Орыс елін жаулап, он бір жат елді ілестіре бағындырып алтын тізгінді қайта бұрып, «жол жүрер айырылыспақ той жасайық» деп, үлкен шатыр тұрғызып тойлатып жаттық. Мен осы барлық ұлдардың аға ханы болып бір-екі аяқ ішімдікті бұрынырақ ішкен деп мені Бөрі, Күйүк екеуі жамандап, тойлатпай аттанып кетті. Аттанарда Бөрі: Батуға теңесер едім, менен бұрын қалайша ішпек, деді. Сақалды әйелдер тең болып, өкшесімен итеріп, башпайымен баспақ» депті. Күйүк: «Сол қорамсақты әйелсымақтардың төсімен төбелесейік. Сен екеуіміз», депті. Елжігідейдің ұлы Харғасұн: «Оларға аға құйрық тағайық» депті. Біз барлығымыз басқа жат жұртқа аттанып жөн-жосығын табармыз деп жүргенде Бөрі мен Күйүк екеуі осылайша ақылға тоқтамай тарасты. Енді осыны немере аға білсін, деп өтініп елші жіберіпті» (Моңғолдың құпия шежіресі, 2006: 346).

Осылайша, ғалым Б. Панкратов «Шыңғыс хахан-у хузауру» деп аталатын еңбек деп көрсетіп өткен «Моңғолдың құпия шежіресінде» айтылады. Бірақ, негізінен, бұл Шыңғыс қаған әулеті ішінде басталған билікке деген тартыс көрінісі ғана деуге келеді. «Жанжалдың себептерінің бірі Батудың «Батыс жорығы» аяқталғаннан кейін жас Бөрі мен Күйіктің тәртібіне наразылығы болуы мүмкін. «Құпия шежіреде» Батудың Ұлы хан Өгедейге жазған хаты бар, онда науқанның аяқталуына орай той ұйымдастырылған кезде Бөрі, Күйік және әлдебір Елжігідей Арғысұн ханзадалардың орынсыз өрескел істері сипатталған. Олар Батуды сыртынан «сақалды кемпір» деп атап, намысына тиген» (Аяған, 2020: 73).

Эпистолярлық мұраға көңіл бөлген зерттеушілер оның деректемелік мәнін, мазмұнын біршама ашқан (Мустакимов, 2002; Петров, 2023; Дробышев, 2024). Алайда Күйік ханның хаттары ерекше тарихи дерек ретінде әлі толық зерттелген емес және бір мақала аясында ол мақсатқа толық жету мүмкін емес. Дегенмен, зерттеушілердің әрқайсысының өзі қосатын жеке үлесі бар. Күйік ханның билігін қамтитын еңбектер негізінен шежірелік деректер мен ауызекі әңгімелерге сүйенеді, алайда жеке хат құжаттары зерттеуден тыс қалған. Мәселен, шетелдік ғалымдардың қолында дереккөздер болғанымен, олардың көшпелілер ортасында немесе сол мәдениетті тудырған халықтардың ортасында болмауы себепті олардың да түйген жеке түсініктері толық бола бермейді. Оның себебі де белгілі. Сонымен, тақырыпты таңдау Күйік ханның эпистолярлық мұрасының дербес және құнды тарихи дереккөз ретінде жеткілікті зерттелмеуінен шықты.

Тақырып өзектілігі ғылыми қоғамдастық ортасында Шыңғыс қаған империясының тарихына және Күйік хан билік құрған кезеңіне қатысты маңызды мәселелерді ашу қажеттігімен анықталады. Сондай-ақ заманауи зерттеулер тереңдей түсуіне қарамастан, XIII ғасырдың ортасындағы Шыңғыс қаған империясының этносаяси тарихына, әкімшілік басқаруына және сыртқы байланыстарына қатысты көптеген түйткілді сұрақтар туындап отыр. Үшіншіден, Күйік ханның хаттарын зерттеудің теориялық және практикалық маңызы бар: бұл зерттеу Шыңғыс қаған империясының идеологиялық негізі, саяси мәдениеті, қағандық билік институтының дамуы және ортағасырлық саяси жүйелердегі эпистолярлық коммуникацияның рөлі туралы түсінігімізді байытады. Тәжірибелік тұрғыдан алғанда, бұл еңбек тарихи деректану әдіснамасын дамыту үшін Шыңғыс қаған империясын зерттеуде қолданылған тарихи дереккөздер аясын кеңейтуге ықпал етеді.

Зерттеушілердің пікірінше, «екі жылдық билігі кезінде Күйік хан империялық жүйеге айтарлықтай ешқандай түбегейлі өзгерістер енгізген жоқ. Бір жағынан Үгедей мен Шағатай ұрпақтары, екінші жағынан Жошы мен Толы ұрпақтары арасындағы бәсекелестік күшейе

бастады. Күйік хан 1248 жылы қайтыс болған соң, 1251 жылы Бату ханның қолдауымен Толының үлкен ұлы Мөңке хан империяның қағаны болды. Нәтижесінде, Орталық Азияда, қазіргі Қазақстан аумағында Жошы ұрпақтарының билігі мен ықпалы артты. Бұрын Толы мен Жошы ұлдары иелік еткен жерлер мен аумақтар қайта бөлінді. Жаңаша қалыптасқан жағдайда екі әулеттің аумақтары арқылы шекаралар Шу мен Талас өзендері бойымен өтетіндіктен, XIII ғасырдың 1250 жылдары Жетісу бұрынғыдай Ұлы қағанға және империялық орталыққа бағынышты болып қалды, ал Мәуереннаһр жерлері Жошы әулетінің қоластына өтті» (Қазақ мемлекеттілігінің тарихы, 2007; Қинаятұлы, 2004).

Бұл кезеңде де Орталық Азияның соғыс жағдайында тұрса да, әлем саудасындағы маңызды рөлін атқарып тұрғаны анық. Мәселен, сұранысқа ие ең маңызды тауарлардың бірі – ол жылқы болғаны белгілі. Жылқы саудасы әлем үшін ерте және ортағасырлық кезеңде жібек саудасынан еш кем болмады. Өйткені, жылқы көптеген елдер үшін әскери кавалерия негізі болды. Әсіресе, жылқы алтын, күміс, інжу-маржан, сапфир, асыл тастарға саудаланып отырған. Ал алтын мен күміс, әсіресе, ақша теңгелерін басуға қажет болғаны белгілі (Yokkaichi Yasuhiro, 2009). Сондықтан, Ұлық Ұлыс, Жошы Ұлысы, Ильхания Хулагу мемлекеті, Шағатай Ұлысы, Құбылай мемлекеті тарихы тек қана соғыс оқиғалары, жойқын майдан тарихымен ғана шектелмейді, бұл кезде де кәдімгідей елшілік қарым-қатынас, сауда-айырбас, ақша шығару, теңге басу, шаруашылық даму, сәулетшілік, ғылым, білім, өнер, мәдениет, бәрі де қатар дамып жатқаны белгілі.

Мемлекет басшысы Қ. Тоқаев «Алтын Орда – дала өркениетінің үлгісі: тарих, археология, мәдениет, бірегейлік» Халықаралық симпозиумда сөйлеген сөзінде: «Алтын Орданың ақша жүйесінде мән-маңызы айрықша жаңалықтар ашылып жатыр. Археологтар осы кезге дейін беймәлім болып келген ондаған тиын сарайын тапты. Мамандардың айтуынша, нағыз өрлеу кезеңінде Алтын Ордада шамамен 28 миллион күміс тиын соғылған» (Тоқаев, 2026). Бірақ Күйік ханның билік ету мерзімі қысқа, небәрі екі жыл, 1246–1248 жылдар аралығы болған соң, оның атынан басылған ақшалар әлі табылмаған. Нумизматика деректері жайында зерттеу ізденісін жасаушы Петров: «Шыңғыс ханның, Шағатайдың, Үгедейдің және Мөңке ханның таңбалары дирхем деректеріне негізделген сенімді түрде анықталған. Алайда Күйік ханның таңбалары әлі басылған ақшаларда әлі кездескен жоқ» (Петров, 2023: 553). Есесіне Күйік ханның жазған хат мұрасы сақталған. Күйік ханның эпистолярлық мұрасын зерттеу Шыңғыс қаған империясы тарихының дереккөздер түрлерін көрсетуге, оның ішінде нумизматика, палеография, сфрагистика, және ресми хаттарын талдауға бағытталады. Зерттеудің мақсаты – Күйік ханның хаттары оның билігі кезіндегі Шыңғыс қаған империясының саяси-әлеуметтік және әкімшілік тарихын терең түсінуге мүмкіндік беретін құнды әрі жете бағаланбаған тарихи дерек ретінде ашу.

Зерттеудің болжамы: Күйік хан хаттары XIII ғасырдың ортасындағы Шыңғыс қаған империясының саяси тарихы туралы білімді айтарлықтай байыта алатын маңызды әрі жете бағаланбаған дереккөзі болып табылады. Зерттеудің маңызы тарихта Йеке Моғол Ұлысы аталған, әйгілі Шыңғыс қаған құрған түрік-моңғол ұлысының тарихнамасы мен деректану әдіснамасын дамытуға қосатын идеялық үлесімен қатар, бұдан әрі зерттеу үшін деректанулық базаны практикалық тұрғыдан кеңейтуімен анықталады.

XIII ғасыр дәуірі Еуропа елдерінің христиандық, оның ішінде католиктік діни әлемге айналып, олардың Таяу Шығыс жерінде дін ислам кеңістігімен өзара діни ықпал жасаудағы тартыстар жағдайында тұрғаны тарихтан белгілі. Көшпелі араб-мұсылманды сарациндер деп атап, Құдыс (Йерусалим) өлкесі олардың қолына қарап кетпеуі үшін крест жорықтарын жүргізді. Араб-мұсылмандық кеңістіктің бір бөлігін түрік-мұсылман қауымдары болғаны еңбектерде жиі айтыла бермейді. Бұл уақытта Сыр бойынан оңтүстік-батысқа қарай жөңкіле жылжыған оғыз түріктері – селжұқтарды бастаған Тоғрұлбек (1038–1063 жж.) жолай Хорезм, Әзірбайжан, Иран, Курдистан, Иракты бағындырып, 1055 жылы Бағдад қаласына басып кірді. Олар Крест жорықшыларына қарсы үлкен соққы берді. Одан өзге католиктік діни орта Рим папалығы болса, олар иудаизм дініне де қарсы шықты. Сол діни тартыстар жүріп жатқан шақта, саяси сахнаға Шыңғыс қаған мемлекеті күшейіп келді.

Бату ханның тұсында Шығыс Еуропа жерлеріне шейін әскери жорықтар жасалғанда, үрейге батқан Рим папалары шығыстағы түрік-моңғолдарды Тартар деп біліп, олардың ханы туралы мәлімет алуды көздеді. Сонда олардың ішіне ұялаған тағы бір үміті – шығыстағы моңғолдарды Таяу Шығыстағы мұсылмандарға айдап салу еді. Сондай теріс ниетпен IV Иннокентий Күйік ханға хат жолдап, оны араб-мұсылмандарға қарсы бірге соғысуға шақырған. Алайда олар Күйік ханнан күткендей жауап алмады; керісінше, егер Еуропа елдері Шыңғыс қаған құрған, Құдайдың қалауымен орныққан үстем елге бағынбайтын болса, үлкен қауіп-қатерге ұшырайтыны айтылған мазмұндағы жауап хат алды.

Материалдар мен әдіс-тәсілдері

Зерттеуде қолға алынған әдістер жалпы ғылыми және жалпы тарихи әдістер кешенін, оның ішінде дедукция мен индукцияны, яғни жалпыдан нақтыға және нақтыдан жалпыға ой дамыту, тарихи талдау мен тарихи салыстыру, сондай-ақ мәтіндік талдау әдістерін қамтиды. Әдістерді пәнаралық тұрғыдан қолдану зерттеу мүмкіндіктерін кеңейте түседі, яғни оны тек қана тілдік, филологиялық және әдеби тұрғыдан ғана емес, ең бастысы, тарихи тұрғыдан да қарау қажет. Ғылыми ұстаным ретінде объективтілік және тарихилық принциптері алынды. Дереккөздерді зерттеуде мәтінді тарихи-контекстік сын тұрғысынан талдау, дерек туралы жалпы анықтама беру сияқты ғылыми әдіс-құралдары қолданылды. Әрине, эпистолярлық хатты зерттеудің өзіндік әдіс-тәсілдері құжаттың формасын, дайындалу түрін, қағазын, құжаттың ерекшеліктерін, қағаздың жасалған орнын, сапасын, сақталу қалпын, көшірмелерінің түрлері мен саны сияқты әртүрлі қырларын қамтуы тиіс. Алайда біздің қолымызға түпнұсқалық құжаттар түспегендіктен, біз оның көшірмелері мен зерттеулерде көрсетілген нұсқасын алуымызға байланысты бұл әдістерді әзірше қолдана алмаймыз.

Талқылау

Шыңғыс қағанның билігі кең дала кеңістігі – Еуразияның барша құрлығындағы саяси және әлеуметтік-мәдени үрдістерге орасан зор ықпал етті. XIII ғасырда құрылған Шыңғыс қаған империясы басқаратын аймақтағы халықаралық қатынастар мен дипломатиялық байланыстардың негізгі құралдарының бірі – ресми хат алмасу жалғасын тапты. Бұл әсіресе Жошы Ұлысында ерекше дамыды. Әрбір межелі орынға аттарға арналған жем (йем) қойып, сол жерде алмастырылып отыратын жүйріктер жайғастырылып, сол аттармен хабаршылар жылдам шауып отырып, жіберілген хат-хабарларды жеткізіп беріп отыратын еді. Бұл пошта қызметінің бастауы ретінде алғаш рет жүйелі қызмет атқарып тұрған. Міне, сондай жем бекеттері арқылы шығыстан батысқа, батыстан шығысқа хат-хабар жедел жүріп отырған. Бұл әсіресе елшілік дипломатиялық миссиялары үшін қажет еді.

Шыңғыс қағанның атышулы Хорезмшах Мұхамедке жазған еларалық елшілік хатының нұсқалары сақталмауы, Хорезмшахтың Шыңғыс қағанның жіберген елшілігін қырып салуы себебінен болды деп ойлаймыз. Егер ондай қайғылы оқиға болмай, елшілік өз нәтижесінде қол жеткізіп, Шыңғыс қаған мемлекеті мен Хорезмшах мемлекеті арасында бейбіт жағдай орнағанда, онда ол хаттар да тарихи мұрағаттарда, бәлкім, сақталар болар еді. Бірақ ол елшілік миссияларының соңы немен аяқталғаны туралы тарихта белгілі. Дегенмен, салыстырмалы түрде басқа да осындай елшілік хаттардың түрлері сақталғаны бар. Мұндай маңызды құжаттардың мұрағаттар қойнауында сақталып жетуінің өзі бір керемет жағдай.

Зерттеуші И. Магидович көрсеткендей: «Моңғолдар Азияның барлық бөліктерінен қолына қаратылған барлық отырықшы халықтар мен көшпелі ру-тайпалардың елшіліктері жаңадан сайланған Ұлы қағанның ордасына келді. Төрт мыңға жуық елші жиналып, жаңа билеушіге адалдық антты беріп, құрмет көрсетті. Плано Карпини және оның серіктері бұл ерекше қолайлы жағдайды пайдаланып, Моңғол империясы және оны мекендеген халықтар туралы ақпарат жинады. Бірақ бұл францискандық елшілер, өкінішке орай, географияны өте нашар түсінді» (Магидович, 1956: 13).

Зерттеуші ғалымдар Майоров пен Поудың мақаласында, «Жувайнидің Шыңғысханның әлемді билеуге Тәңірлік міндеттемесі туралы есебі қазіргі қытай дереккөздерінен алынған

дәлелдермен сәйкес келеді» деп көрсеткен (Maierov, Pow, 2024: 9-10). Осы еңбегінде олар: «Шыңғысхан ойлап тапқан, оның ұрпақтары қабылдаған, жаһандық империяның діни идеалы берік болды. Йеке Моңғол Ұлысының пайда болу себебі осы. моңғолдардың Батысқа жорығының негізгі сызығынан тыс орналасқан Солтүстік-Шығыс Русьті жаулап алу және Батудың Орталық Еуропадан шегінгеннен кейін Дунай Болгариясын жаулап алу, бәлкім, жай ғана әзілмен жүргізілмеген шығар. Әрбір моңғол жорығы өзінен жойқын болды, себебі ол жеті ықлымның шегіне жетуге бағытталған әрі қарай жаулап алу мүмкіндігін берді. Ұлы қағанның Тәңірлік бұйрығы моңғол әскерлерінің өздері сияқты нақты билікке ие болды. Бұл сөзсіз тек моңғолдарға ғана емес, сонымен қатар олардың қарсыласына да – жұмылдырушы немесе рухты түсіретін күш ретінде әсер етті» (Maierov, Pow, 2024: 29).

Шыңғыс қаған құрған Йеке Моғұл Ұлыс/Төрт Ұлыс мемлекеттері туралы айтылғанда, зерттеушілердің назар аударатын маңызды нәрсеге ол кездегі жағдайды көрсететін тарихи құжат-артефактілері жатады. Соның ішінде ресми құжаттар мен эпистолярлық мұралар. Алғашқы ресми хаттың үлгісі қатарына – Күйік ханның Рим папасы IV Иннокентийге жазған жауап хаты айтылады. Белгілі түрколог әрі монголист ғалым Нәпіл Базылханның еңбегінде: «Тарихи деректердің қазіргі табылған ең көне түпнұсқасы 1246 жылғы Күйік қаған дәуірінің жарлығы болып табылады» деп көрсетіледі (Базылхан, 2016: 6).

Шыңғыс қаған мен оның мұрагерлерінің жаугершілігі нәтижесінде пайда болған XIII–XIV ғасырлардағы Шыңғыс қаған империясы, дүниежүзілік тарихта ерекше орын алады. Оның гүлдену кезеңі және одан кейінгі күйреуі сол дәуірдің саяси, әлеуметтік және мәдени процестерін қайта құруға ұмтылған зерттеушілердің назарын аударуды жалғастыруда. Ең алғашқы еңбектердің қатарында ортағасырлық ғалымдардың туындыларын атауға болады. Солардың бірі – әйгілі тарихшы Рашид ад-диннің «Жамиғ ат-тауарих» еңбегі. Мұнда Шыңғыс қаған әулетінің тарихына қатысты көптеген құнды деректер келтірілген (Рашид ад-дин, 2018). Сондай-ақ Атамалик Жувеинидің «Тарих-и Жаһангушай» еңбегі Шыңғыс қаған империясының тарихын зерттеу үшін баға жетпес дереккөз болып қала береді.

Еңбекке кейбір шектеулер мен сыни көзқарас қажеттілігіне қарамастан, оның XIII ғасырдағы Шыңғыс қаған мемлекеті тарихын түсіну үшін құны жоғары (Джувеини, 2004). Сонымен қатар, парсы тарихшылары Рашид ад-дин, Жувеинидің еңбектерінде де ол қауымның өз аты моғол екені анық жазылған. Моғолдар, сайып келгенде, түріктердің аз ғана бір тармағы делінген. Сондықтан біз де сол деректемелердегі анық жазылған моғол және түрік ұғымын қолданамыз. Шыңғыс қаған империясына арналған кең көлемді тарихнамада бастапқы дереккөздерді зерттеу үлкен маңызға ие. Шетелдегі құжаттарды анықтау және жинақтау бағытында отандық зерттеушілердің тарапынан соңғы жылдары біршама құжаттар жинақталды. Соның ішінде Ватиканның құпия мұрағаттарындағы XIII–XVIII ғғ. құжаттарын анықтау ісін атауға болады (Жарияланбаған құжаттар, 2011). Бұл деректемелерге назар аударсақ, Ұлы Дала билеушілерінің Ватикан және еуропалық билеушілермен байланыста болғандығын көреміз. Дж. Пауэллдің «Шыңғыс қаған империясының дипломатиясы» атты кітабы Шыңғыс қаған империясы мен оның мұрасын зерттеуге қосылған маңызды және құнды үлес. Шыңғыс қаған жорықшыларының бейнесінде өздерінің саяси мақсаттарына жету, адамзат тарихындағы ең үлкен империялардың бірін құру үшін әртүрлі құралдарды пайдаланған шебер дипломаттардың тұрғанын көрсетеді.

Бату хан туралы ең нақты әрі жан-жақты сипаттама қалдырған адамдардың бірі – Рим папасы IV Иннокентийдің елшісі Плано Карпини. Ол 1246 жылдың 6 сәуірінде Еділ өзенінің төменгі ағысында орналасқан Сарай-Бату қаласындағы Бату ханның ордасына барып, оны өз көзімен көрген. Өз жазбаларында ол Бату ханды сипаттайды: «Бұл Бату – ғажайып байлық пен сән-салтанаттың иесі, оның айналасында көптеген оққағарлары қарауыл, күзетшілер және барлық лауазымдағы бек, уәзірлер жүреді. Бұл жағынан ол ұлы ханнан еш кем емес. Ол таққа ұқсас биік орындығында өзінің бір ханымы қатар отырады. Оның бауырлары, ұлдары, жақын туыстары сәл төмендеу ұзын орындықтарда, ал қалған адамдар одан да төмен жерде жайғасады. Ер адамдар оң жақта, ал әйелдер сол жақта отырады. Бату ханның бас киімі өте үлкен, сәнді, зығыр матадан тігілген, ал бұрын бұл тәж Венгрия короліне тиесілі болған деседі.

Бату қандай құдіретті билеуші болса да, оның рұқсатынсыз ешкім, тіпті шет мемлекеттен келген жоғары мәртебелі адам болсын, оның ордасына жақындауға батылы жетпейді. Тіпті біз де келген шаруамызды баяндап болған соң, ордаға жиналған барлық елшілер сияқты сол жаққа отырдық. Бірақ ұлы ханға барып қайтқаннан кейін, бізді әрдайым оң жаққа отырғызатын болды (Гэрэлбадрах, 2019: 30).

Плано Карпинидің парсытілді тарихи дереккөздерден ерекше жазған тағы бір мәліметі Моңғол ұлысында хандарды улап өлтіру орын алатындығы туралы ақпарат. Зерттеуші ғалымдар Л. Воротынцев пен Т. Галимов, Есугей баһадүр, Үгедей қаған, Күйік қағандардың өлімі улаудан болғанын талдауға алып, дереккөздердегі келтірілген ол жайындағы түйіндер шындыққа сәйкес келмейді деген (Воротынцев, Галимов, 2024: 312). Зерттеу барысында ғалымдардың әртүрлі тілде жарияланған еңбектеріне сәйкесінше жан-жақты түрде назарға алынды. Олар қолданған зерттеулер батыстық, моңғол, ресейлік және отандық деп ажыратып көрсетуге болады және әр тараптың өзіндік ұстанымдары болатыны да анық. Ал енді хаттың өзіне назар аударар болсақ, хаттың бір нұсқасын моңғол аудармасынан қазақша аударып шықтық. Сонда, байқасақ, парсы мен латын тіліндегі жазылған хаттың нұсқаларында біршама өзгешеліктер бар. Бізге көшірме түрінде ғана жеткен латынша нұсқада жазылған аудармадан айырмашылығы, Күйік ханның хаты парсы тіліндегі аудармасы түпнұсқа үлгісінде сақталғаны. Сондықтан парсы тіліндегі нұсқасы ең сенімді түрі болып саналады.

Күйік қағанның хаты Ұлық Моғол империясы үстемдік еткен, жер жүзі, яғни әлемнің Тынық мұхитынан Жерорта теңізіне дейін алып жатқан бұрынғы ғұн державасы мен Біртұтас Түрік қағанаты кезіндегі аумақтарды қамтып жатты. Бұл кезеңде Шыңғыс қағанның тапсырмасымен оның қолбасшылары бүкіл жерлерге шабуыл жасап, жаулап алу ізін қалдырған уақытта Еуропа дүрбелеңге түсті. Ұлық Моғол ұлысы империялық елі өз билігін өзге күшті елдермен одақ құру арқылы одан сайын нығайта түсуге тырысты. Оған көнбегендердің барлығын тізе бүктіремін деп ашық ескертті. Осы мақсатта Күйік қаған еуропалық христиан әлемі рухани жетекшісі, Папа IV Иннокентийге де хатына жауап хат жолдады. Күйік қағанның бұл хаты IV Иннокентийге одан сайын үрей салды. Күйік қағанның IV Иннокентиймен алмасқан хаттары сенім, ой, билік, күш және дипломатия үлгісін паш етеді. Бұл олардың дәуірінің ерекшеліктерін ашу үшін маңызды дерек көзі. Геосаяси тұрғыдан алғанда, Плано Карпинидің елшілігі Кіндік Азия жерін бүкіл Еуропа үшін жаңа әлем ашумен тең болды.

Әлемге үстемдік ету идеологиясы 1230–1240 жылдары толық дамып, моңғолдардың Еуропаға жіберген хатында жазылған ультиматумынан көрініс береді. Күйік қағанның талабынан бастап, 1246 жылы Рим Папасының елшісі Плано Карпинидің өзімен жауап қайтарды. Күйік ханның мөрі басылған парсы тіліндегі түпнұсқа құжат бүгінгі күнге дейін сақталған. Оның мазмұны еуропалық бос қияли ойдан шығарылған өнім емес, нақты құжат. Оның мазмұнындағы ұстанымдар дала түріктерінің билеушілерінің көзқарасымен жақсы үйлеседі. Моңғол билеушілері хабарламаларында «Тәңірінің бұйрықтарын» жеткізетініне сенімді болып, хат алушыға моңғолдың әлемдік империясындағы орны туралы хабарлап, оған жеке бағыну және бүкіл күші мен әскерлерін жаулап алушыларға тапсыру арқылы бағыну бұйрығын берді. Егер оған қарсы болса, ауыр зардаптарға әкелетіні туралы ескертілді. Ұлы Моңғол империясы аспан астындағы барлық халықтар ішінде моңғолдарға ғана тән санат – Йеке Моғол Ұлысы болды. Тіпті сол кездегі күрделі аталуы да моңғолдың әлем халықтары арасындағы ерекше саяси орнын байқатты (Maiorov, Pow, 2024: 7).

1920 жылы Ватиканның құпия архивінен хаттың парсы тіліндегі түпнұсқасы табылып, ғылыми айналымға енді. «Аталмыш құжат 1920 жылы Ватикан құпия архивінен поляк попы Кирилл Королевский алғаш анықтаған. Мәтіннің алғашқы зерттеуін француз ғалымы П. Пелио жасаған» (Базылхан, 2016: 51). Хаттың ұзындығы 1, 12 метр, ені 20 см. Хат әуелі парсы тілінде жазылып, кейін латын тіліне аударылған. Хаттың екі жеріне көне моңғол мәтінінде қызыл бояулы төртбұрыш пішінді мөр басылған. Тарих сахнасындағы ұлы бабаларымыздың мемлекеттік штамптар – мөр-таңбаларға байланысты болған.

Қазақ тіліне аударған мәтін үлгісінде: «Мәңгі Тәңірдің күшіндегі біз, Ұлық Ұлыстың ханы Жарлық етеміз: бұл хат болса биік Римдік Папаға парсы тілінде не жазғанын оқып түсінсін деген хатымыздың данасы болмақ. Біздің Ұлы ханға тиесілі ұлыста шақырылған Ұлыс Құрылтайының шешім сөзін сіздер елшілеріңізден естіген боларсыздар. Осылайша өзімнің ұсынысымды сіздерге айтар болсам, Сен, Рим Папасы өзіңнің барша ханзада нояндарыңды өзің ертіп келіп, бізге қызмет ететінінді өз аузыңмен жеткізерсің. Ал сен келгенде біз Ұлы Йаса заңын таныстыратын боламыз, және сен «Біз үшін сыйынып жалбарыну, шоқынуга байлам жасау жақсы іс болмақ» деген екенсің, бірақ мен сенің бұл айтқаныңды түсінген жоқпын. Сенің айтқан басқа сөздеріңе қарасам: «Христиан дініндегі адамдармен қатар барша Мажар жерін иеленіп алғаныңды біліп шошыдым. Олардың қателескен себебі не?» деп сұраған екенсің, сенің бұл сөзіңді де мен еш түсінбедім. Ұлы Тәңірдің жарлығын жолдау үшін жіберілген Ұлы қаған иеміз Шыңғыс қаған және хандар болып Көк Тәңірі, жалпы ешкімге бағынбағаны үшін Мәңгі Тәңірі оларды жазалап, жойып жіберген жоқ пе еді? Сенің айтуың бойынша олар өздері дөрекі, өркөкіректік танытып біздің елшілерді өлтірген жоқ пе еді? Кім болса да Ұлы Тәңірінің жарлығына қарсы шығып, өзінің күшінің үстемдігімен кімді болмасын өлтіріп тастауына болмайды, Тәңірі барлығын білуші емес пе? Сенің айтып отырған сөзің Ұлы Тәңірінің рақымына ие болған сияқты, еңсең көтеріңкі сезіледі, мұны сен қайдан біліп айтқандағың? Күн шығыстан күнбатысқа дейінгі күллі жер беті Ұлы Тәңірдің бізге берген сыйы болмақ. Ұлы Тәңірінің жарлығына қарсы келуге кімнің дәті жетеді? Енді сен шын ниетіңмен: «Мен Сізге бағынышты болып, Сізге қызмет ететін боламын» деп өзіңнің барлық билеушілерің мен нояндарыңды бізге ертіп келдағы, бар күшінді салып бізге бас иетін бол! Сол кезде ғана мен бағынғандар үшін рақым етуші боламын. Егер сен Ұлы Тәңірінің жарлығын қабыл алмайтын болсаң, және егер менің жарлығыммен санаспайтын болсаң, сені өзімнің өштескен жауым деп көретін боламын, және сондай-ақ саған ұқтырып беремін. Ал мұны жасамайтын болсаңдар менің не істейтінімді Ұлы Тәңірім біледі. 644 жылы жұма, ақырғы айдың екісінің соңы».

Күйік қағанның Рим Папасы IV Иннокентийге жолдаған хаты XIII-ші ғасырда Ұлық Ұлыс билеушілері мен Ватикан арасындағы елшілік қатынастар жайлы мәлімет беретін маңызды құжат. Пергамент қағазына түсірілген хат мәтіні ерекше көрінеді. Онда Күйік қағанның өз мөрі басылған. Шыңғыс қағанның Ұлық Ұлыс империясының Үгедейден кейінгі ресми түрде үшінші Ұлы қағаны атанған Күйік қаған бұл хатын 1246 жылы Еуропа үшін маңызды кезеңде Рим Папасы қызметіндегі IV Иннокентийге жіберді. Хаттың мәтінін францискандық Платано Карпини латын тіліне тәржімалағанда, IV Иннокентий тұрған Лиондағы Папалық сотқа табыс етіледі. Бұл хаттың мақсаты — қағанның Ұлы Моңғол Ұлысы империясының билігіне Рим Папасының бағынуын талап етуі болды. Хатта Күйік қаған өзін «Бүкіл Жер жүзінің Ұлы Ханы» деп атап, өз мемлекетінің ауқымы мен күшін ерекше атайды. Ол қаған билігі Мәңгілік көк аспан мен Мәңгілік Жер берген тәңірлік өкілеттігі туралы айтады. Күйік қаған Рим Папасын өзіне бағынуын талап етіп, соның үшін Қаракорымға келіп, билеуші қағанға құрмет көрсетуіне шақырады.

Аталған хат бірнеше тілде жазылғаны анық. Тікелей мазмұны парсы тілінде жазылса, кіріспесінде түркі (ортақ түрік) тіліндегі дәстүрлі формула пайдаланылған, яғни хаттың басында көне түркі фразасы «Мәңгі Тәңірдің күшіндегі біз, Ұлы Ұлыстың ханы Жарлық етеміз» деп басталады. Бұл моңғолдардың билікті Тәңірінің қалауы деп негіздеудің көрінісі. Хаттың негізгі бөлігін парсы тілінде жазу – сол заманғы моңғол канцеляриясында Таяу Шығыс пен Орталық Азияға жолданатын ресми құжаттарға парсы тілін қолдану дәстүріне сай келеді. Елші Джованни да Платано Карпини сол аударманы жазып алып, еліне жеткізген.

Күн – аталықтың көктегі символы, ал ай болса аналықтың символы болып табылады. Осылардың ең үстіндегі күш – Тәңір. Күлтегін мәтінінің батыс бетінде (КТ. I. 1-40) *Üze kök teñri, asra žaууz žer qylyntuqda ekin ara kisi oуly qylynmys. Kisi oуlynda üze eсiт aram butyn qayan, İstemi qayan olurmys*. Мәтіннің қазақша аудармасы: *Жоғарыда Көк Тәңірі, төменде қара Жер жаралғанда, екеуінің арасында адам баласы жаралған* деп өтсе, Моңғолдың құпия шежіресінде Шыңғыс ханның: *Көкте — Аспан (Тәңір), Жерде — қаған (Мөнх тэнгэрийн*

хүчин-дор, хаганы суу залийн ивээл дур...) деуімен екі кезеңде де наным-сенім ұстанымдары мен дүниетанымдарының бірдей екені байқалады. Күйік ханның мөріндегі *Yeke Mongyol ulus-un qan*, ᠶᠡᠬᠡ ᠮᠣᠩᠭᠣᠯ ᠤᠯᠤᠰ ᠤᠨ ᠴᠠᠩ (Yeke Mogol ulus), *yeke*<ұлы, *mönh*<мәңгі, *ulus*<ұлыс яғни, Ұлы мәңгі ел идеясы (Сыздықов, 2024: 41)

Алғашында жарлық хатты Күйік ханның елшілері арқылы жіберуді ойластырған. «Осы жарлық хатты Күйік хан өз елшілерімен жеткізбек болған екен. Алайда оның ордасына 1246 жылы болған, миссионер-елші францискандық Пано Карпини (1182–1251) келіп, осы хатты Рим папасы IV Иннокентийге өзі аманатты түрде жеткіземін деп уәдесін береді. Пано Карпини өзінің саяхатнамасында Күйік қағанның ордасында төрт ай болып, соңында Күйік хан құдайдың барлық ғибадатханаларына, Рим империясына, христиандық барлық патшалықтарға, бүкіл батыс елдеріне қарсы жорыққа аттануға әзірленіп жатыр» деген қорқынышты хабарды Рим папасына жеткізеді, сол шабуылды жорықтарға қарсы христиан елдер бас қосып, барлығы қорқынышты апатты соғысқа дайындалу керек деген екен» (Базылхан, 2016: 56).

Күйік ханның хаты жалпы мазмұны мен стилистикасы жағынан моңғолдардың басқа дипломатиялық хаттарымен көп үндеседі. Шыңғыс қаған империясының дипломатиялық тәжірибесінде бөтен мемлекет басшыларына жолданған хаттардың көбінің мәні – бағынуды талап ету немесе ықтимал шабуылды хабарлап, ескерту беру болған. Хаттың мазмұны қарсы тарапқа жойқын әрі қатал талап қоюы да Шыңғыс қаған мұрагерлерінің сол кезде жүргізген дипломатиясының айнымас бөлігі болды – олар қарсыласын психологиялық мойынсұнуға мәжбүрлеуге тырысты. Егер қарсы тарап бағынбаса, моңғолдар оны кейін соғыс арқылы бағындырып, хатта айтылған қоқан-лоқыны іске асыратын. Сондай-ақ моңғолдардың өзге мемлекеттермен жазысқан хаттарында дипломатиялық ибалылықтан гөрі тікелей бұйрық беру басым болғанын көреміз. Бұл – үстемдіктің көрінісі, оның тамыры Тәңірінің қалауында.

Көктегі Тәңірінің өзі түрік қауымын үстем еткен. Мысалы, Шығыс Еуропадағы кейбір шежірелерде моңғол елшілері келіп, тек Ұлы ханның үстемдігін ғана тануды бұйырғаны айтылады. Күйік ханның Рим Папасына жазған хатында да Римдік Папаның дәрежесіне орай ескеріліп, оған, мысалы, «жарылқаушы мәртебелі әкей» деп қошемет көрсетілмейді – керісінше, оны өзіне бағынышты вассалы сияқты сөйлесуі хат мәнерінен ап-анық көрінеді. Дегенмен, моңғолдар хат алмасуда прагматикалық тәсілді қолданған: өз мақсатын жеткізу үшін қарсы тарап түсінетін тілге жүгінген. Мысалы, Күйік ханның хатында діни риторика пайдаланылып, Рим Папасының христиандық діни үстемшіл ұғымдарына шекара қойып, «Құдай кімге рақым, кімді кешіретінін сен қайдан білесің?» – деп, Иннокентийдің христиан екендігін тілге тиек етеді де, оны өзінің қатардағы орнына қояды.

Бұл қаратпа сөз арқылы түрік-моңғолдары тарапынан: «сендер Құдайдың қалауын өздерің білмейсіңдер, жеңістеріміз – Құдайдың шапағатымен» деп діни пәтуамен нығырлап отыр. Яғни қажет кезде Құдайды ауызға алып, өз мақсаттарына пайдаланған. Мұндай тәсіл моңғолдардың мұсылман елдеріне жазған хаттарында да кездескен (ислам билеушілеріне «Алланың қалауымен бәрін жаулап жатырмыз» деген сыңайда). Бұны дипломатиялық риториканың түрі ретінде қарастыруға болар еді, бірақ ол, негізінен, түріктердің орныққан өзіндік дүниетанымдық көзқарастары мен қалыптасқан ұстанымнан шыққан сөз.

Дала түрік дипломатиясы бұйрық ету, үстемдік көрсетіп, қатаң жарлық қылу, талап қоюға негізделгені даусыз. Күйік ханның хат мәтіні тілдік тұрғыдан ерекше, өйткені ол көптілді элементтері бар құжат. Хат парсы тілінде жазылғанымен, оның кіріспесінде көне түркі сөз орамдары қолданылғаны жоғарыда айтылды. Соның ықпалымен хаттың негізгі мазмұны парсыша дайындалып, онда ислам әлемінің жыл санауы (һижра) қолданылған: құжат 644 жылы деп (һижра бойынша) мерзімделеді. Бұл қызықты жайт – Рим Папасына жіберілсе де, хатта христиан жылнамасы емес, мұсылмандық күнтізбе көрсетілген. Осыдан хатты жазуға қатысқан адамның мұсылман яки ислам дәстүрін ұстанған тұлға екені анық.

Хат стилі әуелден ресми жарлық құжаттың тіліне жақын. Мәтінде «біз әмір етеміз», «біз хабарлаймыз» деген сияқты ресми баяндауыштар бар, хан өз атынан көпше түрде сөйлеуде (патшалық көпше «біз» мәнері). Адресат – Рим Папасы – үшінші жақта не атымен аталып

қатты құрметтелмейді, қайта оған тікелей қарата айтылған бұйрық райында сөз тіркестері қолданылады. Мысалы, «айтуың керек», «келесің», «егер орындамасаң» т. б. түрінде бұйрық райында жазылған. Лексика жағынан қарағанда, хаттың мәтінінде діни және әскери сөздер қатар жүреді. Мәселен, «бағыну» (бойұсыну), «қызмет қылу», «жау» деген сөздер және «Құдайдың әмірі» сияқты тіркестер көп. Бұл құжаттың жанры – талап хат (ультиматум) екенін көрсететін сипат. Парсы тілінде жазылғандықтан, мәтінде сол тілдің ресми стиліне тән айшықты алғышарттар болуы мүмкін (мысалы, шығыс хаттарының әдеттегі қошемет сөздері). Алайда дәл бұл хатта моңғол талаптары үстем болуы, парсының майда сөзінен гөрі, түрік-моңғол дәстүрінің тікелей басым тілі анық көрінеді.

Күйік ханның IV Иннокентий Рим Папасына жазған хаты – әлемдік тарихтағы шығыс-батыс қарым-қатынастың айрықша құжаты санатында. Оның тарихи маңыздылығы бірнеше қырынан көрінеді: Моңғолдар мен Батыс арасындағы алғашқы тікелей ресми байланыс. Бұл хат арқылы Еуропа алғаш рет Ұлы ханның тікелей талабын естіді. Бұған дейін Еуропа моңғолдарды тек шайқастар алаңында немесе алып-қашпа хабарлар арқылы білген болса, енді өздеріне ресми жолданған құжат түрінде моңғол саясатының мәнін түсінді. Хат Еуропа билеушілеріне моңғолдардың ниеті жай бейбіт сауда немесе жайғасу емес, басқару және бағындыру екенін анық аңғартты. «Ұлы Ұлыс» терминінің мағынасы қалай өзгергені де қызықты. Бастапқыда ол тек біртұтас Шыңғыс қаған империясына қатысты қолданылған болса, кейінірек Жошы ұлысының билеушілері бұл терминді өз хаттары мен жарлықтарында белсенді қолдана бастады. Бұл шамасы, олардың өздерін ұлы тақтың тікелей мұрагері етіп көрсетумен байланысты (Мустакимов, 2002: 29).

Хатқа жауап ретінде Римдік Папа IV Иннокентий Күйік қағанның өктем сөзіне жауап қатуға бақандай екі жыл ойланған. Бұл хатта Рим Папасы қағанның хатын мойындап, қолдауына алғыс білдіреді. Рим Папасының жауабы дипломатиялық сипатта болса да, олардың арасындағы дүниетанымдық түсініктері өзгеше болды. IV Иннокентийдің рухани билігі саясаттан тыс болып, христиандық дінді қабылдауды ұсынды. Бұл жағдай олардың идеологиялық жағынан қарама-қарсы тұрғанын, және әрқайсысы әлемге үстемдік үшін күресіп тұрғанын көрсетеді. Бұл ресми құжат ортағасырлық дипломатияның күрделілігін, ірі елдердің амбицияларын, олардың өзара тіл мен мәдениет жағынан алшақ тұрғанын білдірді. Күйік қағанның IV Иннокентийге жазысқан хаттары құнды тарихи жәдігерге айналды. Тарих оқиғаларын зерттей отырып, өткен заман құрғақ фактілердің жиынтығы емес, адам баласының тәжірибе жинау үлгісі екенін көреміз. Күйік қағанның бұл жазған хаты сөздің Мәңгілік күшін, дипломатияның құдіретін, биліктің қасиетін көрсетеді. Сонымен, Күйік қағанның хаты өз заманының құнды құжаты. Хаттың мазмұны, қалпы, тарихи мәні, сол кездегі әлемнің халықаралық саяси қатынасының бір көрінісін береді.

Күйік қағанның IV Иннокентийге жолдаған хатының тағы бір құндылығы, мәтінге басылған мөрдін болуы, және ол мөрдегі оның хандардың ханы немесе қаған титулының көрсетілуі. Бұл титулдар туралы жапон ғалымы К. Сираторидің хуннулардың «шаньюй» титулы түріктерде «хан» және «қаған» (немесе, «қаған») титулына айналуы туралы ізденісі берілген (Shiratori, 1922; Shiratori, 1926). Ол зерттеулерге сәйкес, хан және қаған титулдары ежелгі түрік халықтарына тән болған аталым. Бірақ кейбір зерттеушілер бұл тұжырымды жоққа шығарып, оны моңғолдардың титулы деген пікір білдірген. В. Бартольдтың зерттеу еңбегінде: «Хакан – түркі патшасының қаған атағының арабша жазылуы. Бұл атақ өздерін «түрік» деп атаған ең ежелгі халықтардың билеушілерінде болған» деп жазылған (Бартольд, 1968: 602). Атақты тарихшы И. Рахвильц: «Гуюк пен Мөңке сияқты моңғол билеушілері «қаған» («император») атағын алуының басты себебі, олардың Шыңғыс қағанның ресми түрде сайланған және адал мұрагері болуы, сондықтан моңғол империясындағы ең жоғары мәртебелі титулының заңды мұрагері болғандықтан, бұл империя Үгедей заманынан бері сол қағанға тиесілі болды» деп көрсетеді (Rachewiltz, 1983). Демек, Күйік ханның мөрінде жазылған «қаған» титулы оның еуропалық ұғымдағы император деген атаққа сәйкестігін көрсетеді.

Нәтижелер

Күйік хан – Шыңғыс қаған негізін қалаған көшпелі Йеке Моғұл Ұлысының үшінші ұлы ханы болды. Үгедейдің тұңғыш ұлы. Ол 1246–1248 жылдары Шыңғыс қаған империясының ханы болды. Күйік ханның атабегі қызметін атқарған Қадақ есімді тұлғаның несториан дінін ұстанғандықтан, бұл діннің оған әсері болған делінеді. Несториандық дін бұл христиандық діннің ертедегі бір жеке тармағы еді. Сол себепті Күйік хан несториан діні өкілдеріне назар аударып тұратын (Рашид ад-дин, 2018: 156). Еуропадағы католиктік христиан билеушілері де моңғол хандарымен жақсы байланыс орнатуға тырысып баққан. Олар бұл ұмтылысты өздері жауласқан араб мұсылмандарына қарсы тұру үшін де пайдаланғысы келді. Алайда, Плато Карпини жазбаларында көрсетілгеніндей, моңғол билеушілері өз ордаларына әртүрлі діни миссия өкілдерін келуіне қарсы болмай, олардың тіпті ғибадатханалары да сол жерде болса да, чингизидтердің көпшілігі, аталары Шыңғыс қаған сияқты негізінен дала түріктерінің қасиетті Жер-Су, Тәңірі, Ұмай туралы түсініктері орныққан ұстанымдарында қала берді.

Күйік ханның тұлғасы туралы әйгілі саяхатшы, дала үстіртіне тұңғыш табаны тиген еуропалық әрі ханды көзімен көрген итальяндық діндар-миссионер Плато Карпини «*Liber Tatarorum, Liber Tatarorum*» («Татарлар туралы жазба») атты естелігінде: «Күйік хан орта бойлы, қулық-сұмдыққа жетілген, ақылы ұшқыр, тақаппар адам» деп жазды. Күйік хан билік құрған жылдары әлем елдерімен жан-жақты дипломатиялық қатынас орнатып, хат-хабар алмасып тұрды. Осындай тарихи құжаттың бірі – Күйік ханның 1246 жылы қараша айында Рим папасы IV Иннокентийге жазған хаты.

Бұл хат – Шыңғыс қаған империясының батыс елдеріне жіберген ең маңызды дипломатиялық құжаттарының біріне айналды. Хатта Күйік хан Рим папасынан өзіне мойынсұнуды талап етеді, мұнда моңғолдардың дүниетанымы, дипломатиялық мәнері және билеуші ұстанымы анық көрінеді. Күйік хан хатының түпнұсқалығы тарихшылар тарапынан бағалануының басты себебі – хат түпнұсқасының біздің заманға дейін жеткені.

Қорытынды

Күйік қағанның Рим Папасы IV Иннокентийге жазған хаты – XIII ғасырдан бері қалған аса маңызды тарихи құжат, және оның түпнұсқалығы қазіргі зерттеулермен толық қуатталған: Ватиканда сақталған парсыша мәтін мен хан мөрлері бұл хаттың шын екеніне дәлел болады. Хат мазмұны Шыңғыс қаған империясының әлемдік билік идеологиясын айқын аңғартады – онда Ұлы хан өзінен тыс жердегі ең құдіретті деген рухани биліктің өкіліне тікелей бағыну талабын қойған. Тарихи тұрғыда бұл хат ресми құжат ретінде Еуропа мен моңғолдар арасындағы қарым-қатынастың әрі қарайғы бағытын айқындап, екі жақтың бірін-бірі түсінуіне әсер етті: Еуропа моңғолдардың шартын қабылдамай, әскери және саяси сақтықты күшейтті, ал моңғолдар өз үстемдік ұстанымын өзгертпеді.

Дипломатиялық тәжірибе тұрғысынан алғанда, бұл хат дала түрік дипломатиясының классикалық үлгісі, ресми стильдің тұрақты формулалары, Тәңірге сиыну, қарсыласты қорқыту көрініс тапқан. Тілдік ерекшеліктері (түрік-моңғол терминологиясының және парсы тілінің қатар қолданылуы, діни риторика) құжатты бірегей етеді. Күйік қағанның хатында моңғолдардың өзін әлемнің орталығы санаған үстем көзқарасы мен дипломатиялық әдіс-тәсілі толық бейнеленген. Бұл хат – Шыңғыс қаған ұрпақтарының дүние жүзіне жолдаған саяси хабарламасы іспетті, сондықтан оның тарихи маңызы зор. XIII ғасырдағы Шығыс пен Батыс түйіскен тұстағы осы бір жазба ескерткіш бүгін де зерттеушілер үшін баға жетпес дерек көзі болып, өркениетаралық диалогтің күрделі тарихынан сыр шертеді.

References

Alpysbes, Aleushinov, 2023 — *Alpysbes M.A., Aleushinov F.T.* Edige bidin Ulyk Ulys (Altyn Orda) tarihyndagy orny (The Place of Edige Bi in the History of Ulug Ulus (Golden Horde)). “edu. e-history. kz” e; ectronic scientific journal. 2023. Vol. 10. No. 3. P. 464–478. (In Kaz.).

Amar, 2011 — *Amar A.* Köşpendilerdiñ qısqa tarıxı (“Moñğoldıñ qısqa tarıxı”) (A Brief History of Nomads (“A Brief History of the Mongols”)) / Moñğol tilinen qazaq tiline awd. J. Xamay. Almaty: Atajurt, 2011. 216 p. (In Kaz.).

- Ayagan, 2019 — *Ayagan B. G.* Kazahskie shedzhere kak istochnik po istorii plemen Zolotoj Ordy (Kazakh Shezhire as a Source on the History of the Tribes of the Golden Horde). *Zolotoordynskoe nasledie*. Iss. 3. Kazan, 2019. P. 279–281. (In Russ.).
- Ayagan, 2020 — *Ayagan B.* Istoriya Ulug Ulusa – Zolotoj Ordy (History of Ulug Ulus – the Golden Horde). Almaty: "Litera-M" LLP, 2020. 224 p. (In Russ., Kaz.).
- Bartold, 1968 — *Bartold V. V.* Khakan (Khakan) / *Trudy po istorii i filologii*. Vol. 5. Moscow: Nauka, 1968. 759 p. (In Russ.).
- Bazylhan, Tuyaqbaev 2016 — *Bazylhan N., Tuyaqbaev O.* Dalalyq memleketter diplomatiyasynyn resmi quzhattary: zharlyqtar, hattar, elshilik belgiler (XIII–XVIII gg.) (matin transkriptsiyas, gylymi audarmalary, tusiniktemeleri, korsetkishter) (Official Documents of the Diplomacy of the Steppe States: Decrees, Letters, Embassy Signs (13th–18th Centuries) (Text Transcription, Scholarly Translations, Comments, Indexes)). Almaty: Gylym ordasy, 2016. 206 p. (In Kaz.).
- Carpini, 2022 — *Carpine Plano Ioann de.* Istoriya mongolov: Tekst, perevod, kommentarii (History of the Mongols: Text, Translation, Commentary) / Ed. A. A. Gorsky, V. V. Trepavlov, et al. Moscow.: IFE RAS, 2022. 383 p. (In Russ.).
- Cai Meibiao, 1955 — *Cai Meibiao.* Yuan dai beihua bei jilu ("元代白话碑集录") (Collected Yuan Dynasty Vernacular Inscriptions). Comment 2. Beijing, 1955. P. 7. (In Chin.).
- Fidarov, 2023 — *Fidarov R. F.* O nekotorykh netochnostyakh v perevode A. S. Kozina "Tainoi istorii mongolov" (On Some Inaccuracies in A. S. Kozin's Translation of The Secret History of the Mongols) // *Zolotoordynskoye obozreniye*. 2023. T. 11. No. 3. P. 521–531. (In Russ.).
- Gerelbadrakh, 2019 — *Gerelbadrakh J., Chinzorig B., Ölziibaatar D.* Züchiin uls. Mongolyn ezent gürmii tüükh. Gutgaar boti (Jochi's Ulus. History of the Mongol Empire. Volume Three). Yer. red. Delgerjargal P.; botiin red. Urangua J. Ulaanbaatar: Steppe Publishing, 2019. 344 p. (In Mong.).
- Drobyshev, 2024 — *Drobyshev Yu.* Novyj vzglyad na "Istoriyu mongolov" Ioanna de Plano Karpini (A New Look at The History of the Mongols by Giovanni de Plano Carpini). *Zolotoordynskoe obozrenie*. 2024. Vol. 12. No. 1. P. 28–38. (In Russ.).
- Dzhuveini, 2004 — *Dzhuveini Ata-Melik.* Chingiskhan. Istoriya Zavoevatelya mira (Genghis Khan. The History of the World Conqueror). Moscow: Izdatelskii dom Magistr-press, 2004. 689 p. (In Russ.).
- Ejenkhanuly, 2023 — *Ejenkhanuly B.* 1246-shi jyly Rim papasy Innocent IV-ge jazylgan "tatar khaty" zhane onyn naiman Töregene khatunmen qatysy (The "Tatar Letter" Written to Pope Innocent IV in 1246 and Its Relation to Naiman Töregene Khatun) // "edu. e-history. kz" electronic scientific journal. 2023. Vol. 10. No. 2. P. 290–302. DOI: 10.51943/3135-8055_2023_10_2_290-302. (In Kaz.).
- Istochnikovedenie, 1998 — *Istochnikovedenie Teoriya. Istoriya. Metod. Istochniki rossiiskoi istorii: Ucheb. posobie* (Source Studies: Theory. History. Method. Sources of Russian History: Textbook) / I. N. Danilevskij, V.V. Kabanov, O. M. Medushevskaya, M. F. Rumyantseva. Moscow: Russian State Humanities University, 1998. 702 p. (In Russ.).
- Kadyrbaev, 2022 — *Kadyrbaev A. Sh.* Zolotaya Orda: ocherki istorii i istoriografii (The Golden Horde: Essays on History and Historiography). Moscow.: IOS RAS, 2022. 368 p. (In Russ.).
- Kozin, 1941 — *Kozin S. A.* Sokrovennoe skazanie. Mongolskaya khronika 1240 g. pod nazvaniem "Mongol-un niguca tobciyan". Yuan chao bi shi. Mongolskii obydenyi izbornik (The Secret History. A Mongolian Chronicle of 1240 Entitled "Mongol-un Niguca Tobciyan". Yuan Chao Bi Shi. Mongolian Common Anthology). Moscow; Leningrad: Izdatelstvo Akademii nauk SSSR, 1941. 619 p. (In Russ.).
- Magidovich, 1956 — *Magidovich I. P.* Svyazi Evropy s Kitaem do XIII veka (Europe's Contacts with China before the 13th Century). In: *Kniga Marko Polo*. Moscow: GIGL, 1956. P. 3–43. (In Russ.).
- Maierov, Pow, 2024 — *Maierov A. V., Pow S.* To "Conquer Rome and beyond Rome": The Mongol Ideology of World Domination in Medieval Reality and Imagination. *Studia Slavica et Balcanica Petropolitana*. 2024. No. 1. P. 3–38. (In Eng.).
- Mongoldyn qupiya shezhiresi, 2006 — Mongoldyn qupiya shezhiresi Köne mongol tilindegi tupnusqalyq transkriptsiyasyn, gylymi-magynalyq audarmasy men tusindirmelerin, korsetkishterin zhasagan N. Bazylhan (The Secret History of the Mongols: Original Transcription from Old Mongolian, Scholarly-Semantic Translation, Commentary, and Indexes by N. Bazylhan). Almaty: Daik-Press, 2006. 400 p. (In Kaz.).
- Mongoldyn qupiya shezhiresi, 2009 — Mongoldyn qupiya shezhiresi XII–XIII gasyrlardagy koshpeliler shezhiresi (The Secret History of the Mongols: A Chronicle of Nomads of the 12th–13th Centuries) / Transl. M. Sultaniyuly; red. B. Kamalashuly. Almaty: Oner, 2009. 212 p. (In Kaz.).
- Mustakimov, 2002 — *Mustakimov I.* Gramota velikogo hana Guyuka Pape Rimskomu (Letter from the Great Khan Guyuk to the Pope). *Gasyrlar avazy — Ekho vekov*. 2002. No. 3–4. P. 28–31. (In Russ.).
- Noda, 2020 — *Noda J.* Three Perspectives for Central Asia: Studies in Japan. Aikap. 2020. No. 4(118). Pp. 51–58. (In Eng.).
- Olovintsov, 2014 — *Olovintsov A. G.* Tyurki ili mongoly? Epokha Chingiskhana (Turks or Mongols? The Era of Genghis Khan). 4th ed., rev. and enl. Almaty: Tsennye bumagi, 2014. 344 p. (In Russ.).
- Pankratov, 1993 — *Pankratov B. I.* Obraztsy perevodov iz "Yuan-chao bi-shi" (Predislovie Yu. L. Krolya) (Samples of Translations from "Yuan-chao Bi-shi" (Preface by Yu. L. Krol)). Moscow: Nauka, 1993. 343 p. (In Russ.).

- Petrov, 2023 — *Petrov P.* Tamga “Guyuka” i Dzhuchidy doma Oruidov (istoriya odnoj oshibki) (The Tamga of “Guyuk” and the Jochids of the House of the Oruids: The Story of One Mistake). *Zolotoordynskoe obozrenie*. 2023. Vol. 11, No. 3. P. 551–561. (In Russ.).
- Powell, 2019 — *Powell J.* Mongol Imperial Diplomacy: Letters, Documents, and Historical Reports. Oxford: Oxford University Press, 2019. (In Eng.).
- Qazaq memlekettiligini tarihy, 2007 — Qazaq memlekettiligini tarihy Red.: M. Qoigeldiev, Z. Qiyanatuly, zhane t. b. (History of Kazakh Statehood) / eds. M. Koigeldiev, Z. Kiyanatuly, et al. Almaty: Adamar, 2007. 431 p. (In Kaz.).
- Qinayatuly, 2004 — *Qinayatuly Z.* Qazaq memleketi zhane Zhoshy khan. Tarihi-saraptamalyq zertteu (The Kazakh State and Jochi Khan: A Historical and Analytical Study). Astana: Elorda, 2004. 344 p. (In Kaz.).
- Rachewiltz, 1983 — *Rachewiltz I.* Qan, Qa“an and the Seal of Güyüg / K. Sagaster and M. Weiers (eds.). *Documenta Barbarorum. Festschrift für Walther Heissig zum 70. Geburtstag*. Wiesbaden, 1983. P. 272–281. (In Eng.).
- Rashid ad-din, 2018 — *Rashid ad-din Fazlulah Hamadani.* Zhamig at-tauarih (Tarihtar zhinagy) (Jami“ al-Tawarikh (Collection of Histories)). Multi-volume edition. Vol. 3. Astana: Foliant, 2018. 600 p. (In Kaz.).
- Shiratori, 1922 — *Shiratori Kurakiti.* Kakan to katon sogo ko (A Study of the Titles Kagan and Katun). Toyo gakukho. 1922. Vol. 11. No. 3. (In Jap.).
- Shiratori, 1926 — *Shiratori R.* A Study on the Titles Kaghan and Katun. Memoirs of the Research Department of the Toyo Bunko. 1926. Vol. 1. P. 1–39. (In Jap.).
- Syzdykov, 2020 — *Syzdykov S. M.* Altyn Ordany memleketinin ideologiyasy (The Ideology of the Golden Horde State). *Turkic Studies Journal*. 2020. No. 3. P. 69–75. (In Kaz.).
- Syzdykov, 2024 — *Syzdykov S. M.* Altyn Orda ulustarynyn (Zhoshy) memleketinin ideologiyasy (The Ideology of the Golden Horde Uluses (Jochi) State). In: Qazaq memlekettiligini bastauyndagy Zhoshy Ulysy: tarihi tagylymy men murasy: gylimi zhinak. Astana: L. N. Gumilev ENU, 2024. P. 41–46. (In Kaz.).
- Sultanov, 2001 — *Sultanov T.* Podnyaty na belo koshme. Potomki Chingiz-hana (Raised on a White Felt Mat. Descendants of Genghis Khan). Almaty: Daik-Press, 2001. 273 p. (In Russ.).
- Tokaev, 2026 — *Tokaev K. K.* Altyn Orda – Dala orkenietinin ulgisi: tarikh, arheologiya, madeniet, biregeylik (The Golden Horde as a Model of Steppe Civilization: History, Archaeology, Culture, Identity) / Khalykaralyk symposiumde soylegen sozi // URL derek kozi: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-altyn-orda-dala-orkenietinin-ulgisi-tarih-arheologiya-madeniet-biregeylik-atty-halykaralyk-simpoziumda-soylegen-sozi-1945728>. (In Kaz.).
- Vorotyntsev, Galimov, 2024 — *Vorotyntsev L. V., Galimov T. R.* “Otravlenyye“ khany: fenomen vnezapnoy smerti praviteley v mental“nom vospriyatii srednevekovykh mongol (“Poisoned” Khans: The Phenomenon of the Sudden Death of Rulers in the Mental Perception of Medieval Mongols). *Zolotoordynskoye obozreniye*. 2024. Vol. 12. No. 2. P. 307–319. (In Russ.).
- Yokkaichi Yasuhiro, 2009 — *Yokkaichi Yasuhiro.* Horses in East-West Trade between China and Iran under Mongol Rule. B. G. Fagner, R. Kauz, R. Ptak, A. Schottenhammer. *Pferde in Asien: Geschichte, Handel und Kultur (Horses in Asia: History, Trade and Culture)*. Veröffentlichungen zur Iranistik. No. 46. Wien: Verlag der Österreichischen Akademie der Wissenschaften, 2009. P. 378. (In Eng.).
- Zhariyalanbagan quzhattar, 2011 — Zhariyalanbagan quzhattar Vatikan Qupiya Muragatynan, Franciya Syrtqy ister ministrlygi Elshiligi muraqatynan (Unpublished Documents: From the Vatican Secret Archives and the Archives of the Embassy of the French Ministry of Foreign Affairs) / Esmagambetov K. L., Shaimardanova Z. D. Almaty: Oner, 2011. 480 p. (In Kaz.).

Әдебиеттер

- Алпысбес, Алеушинов, 2023 — *Алпысбес М.А., Алеушинов Ф.Т.* Едиге бидің Ұлық Ұлыс (Алтын Орда) тарихындағы орны // «edu. e-history. kz» электрондық ғылыми журналы. 2023. Т. 10. № 3. 464–478 бб.
- Амар, 2011 — *Амар А.* Көшпенділердің қысқа тарихы («Моңғолдың қысқа тарихы») / Моңғол тілінен қазақ тіліне ауд. Ж. Хамай. Алматы: Атажұрт, 2011. 216 б.
- Аяган, 2019. — *Аяган Б. Г.* Казахские шеджере как источник по истории племен Золотой Орды // Золотоордынское наследие. Вып. 3. Казань, 2019. С. 279–281.
- Аяган, 2020 — *Аяган Б.* Ұлық Ұлыс — Алтын Орда мемлекетінің тарихы. Алматы: ТОО «Литера-М», 2020. 218 с.
- Базылхан, 2016 — *Базылхан Н., Тұяқбаев Ө.* Далалық мемлекеттер дипломатиясының ресми құжаттары: жарлықтар, хаттар, елшілік белгілер (XIII–XVIII ғғ.) (мәтін транскрипциясы, ғылыми аудармалары, түсініктемелері, көрсеткіштер). Алматы: Ғылым ордасы, 2016. 206 б.
- Бартольд, 1968 — *Бартольд В.В.* Хакан / Труды по истории и филологии. Том 5. М., Наука, 1968. 759 с.
- Воротынцев, Галимов, 2024 — *Воротынцев Л.В., Галимов Т.Р.* «Отравленные» ханы: феномен внезапной смерти правителей в ментальном восприятии средневековых монгол // Золотоордынское обозрение. 2024. Т. 12. № 2. С. 307–319.
- Гэрэлбадрах, 2019 — *Гэрэлбадрах Ж., Чинзориг Б., Өлзийбаатар Д.* Зүчийн улс. Монголын эзэнт гүрний түүхү Гутгаар боть. Ер. Ред. Дэлгэржаргал П., ботийн ред. Урангуа Ж. Улан-Батор: Степпе паблишинг, 2019. 344 б. (In Mong.).

- Джувеини, 2004 — *Джувеини Ата-Мелик*. Чингисхан. История Завоевателя мира. Москва: Издательский дом Магистр-пресс, 2004. 689 б.
- Дробышев, 2024 — *Дробышев Ю.* Новый взгляд на «Историю монголов» Иоанна де Плано Карпини // Золотоордынское обозрение. 2024. Т. 12, № 1. С. 28–38.
- Жарияланбаған құжаттар, 2011 — Жарияланбаған құжаттар: Ватикан Күпия Мұрағатынан, Франция Сыртқы істер министрлігі Елшілігі мұрағатынан / Есмағамбетов К. Л., Шаймарданова З. Д. Алматы: Өнер, 2011. 480 б.
- Еженханұлы, 2023 — *Еженханұлы Б.* 1246-ші жылы Рим папасы Инносент IV-ге жазылған «татар хаты» және оның найман Төрегені хатұнмен қатысы // «edu.e-history.kz» электрондық ғылыми журналы. 2023. Т. 10. № 2. 290—302бб. (Қаз.). DOI: 10. 51943/3135-8055_2023_10_2_290–302
- Источниковедение, 1998 — *Источниковедение: Теория*. История. Метод. Источники российской истории: Учеб. пособие / И. Н. Данилевский, В. В. Кабанов, О. М. Медушевская, М. Ф. Румянцева. Москва: Российск. гос. гуманит. ун-т, 1998. 702 с.
- Кадырбаев, 2022 — *Кадырбаев А. Ш.* Золотая Орда: очерки истории и историографии. М.: ИВ РАН, 2022. 368 с.
- Қазақ мемлекеттілігінің тарихы, 2007 — *Қазақ мемлекеттілігінің тарихы / ред.* алқасы: М. Қойгелдиев, З. Қиянатұлы, және т. б. Алматы: Адамар, 2007. 431 б.
- Қинаятұлы, 2004 — *Қинаятұлы З.* Қазақ мемлекеті және Жошы хан. (Тарихи-сараптамалық зерттеу). Астана: Елорда, 2004. 344 б.
- Козин, 1941 — *Козин С. А.* Сокровенное сказание. Монгольская хроника 1240 г. под названием «Mongol-un nigusa tobciyan». Юань чао би ши. Монгольский обыденный изборник. М., Л.: Издательство Академии наук СССР, 1941. 619 с.
- Магидович, 1956 — *Магидович И. П.* Связи Европы с Китаем до XIII века. — В кн.: Книга Марко Поло. М.: ГИГЛ, 1956. С. 3–43.
- Maiorov, Pow, 2024 — *Maiorov A. V., Pow S.* To “Conquer Rome and beyond Rome”: The Mongol ideology of world domination in Medieval reality and imagination // *Studia Slavica et Balcanica Petropolitana*. 2024. № 1. Pp. 3–38. (In Eng.)
- Моңғолдың құпия шежіресі / Көне моңғол тіліндегі түпнұсқалық транскрипциясын, ғылыми-мағыналық аудармасы мен түсіндірмелерін, көрсеткіштерін жасаған Н. Базылхан. Алматы: Дайк-Пресс, 2006. 400 б.
- Моңғолдың құпия шежіресі, 2009 — *Моңғолдың құпия шежіресі: XII-XIII ғасырлардағы көшпелілер шежіресі / Ауд. М. Сұлтаняұлы; ред. Б. Кәмелашұлы.* Алматы: Өнер, 2009. 212 б.
- Мустакимов, 2002 — *Мустакимов И.* Грамота великого хана Гуюка Папе Римскому // Гасырлар авазы — Эхо веков. 2002. № 3-4. С. 28–31.
- Noda, 2020 — *Noda Jin.* Three perspectives for Central Asia: studies in Japan // Айқап. № 4 (118). 2020. 51-58 бб. (In Eng.)
- Оловинцев, 2014 — *Оловинцев А.* Тюрки или монголы? Эпоха Чингисхана / А. Г. Оловинцев. - 4-е изд. доп. и испр. Алматы: Ценные бумаги, 2014. 344 с.
- Панкратов, 1993 — *Панкратов Б. И.* Образцы переводов из «Юань-чао би-ши» (Предисловие Ю.Л. Кроля). Москва: «Наука», 1993. 343 с.
- Петров, 2023 — *Петров П.* Тамга «Гуюка» и Джучиды дома Ордуидов (история одной ошибки) // Золотоордынское обозрение. 2023. Т. 11, № 3. С. 551–561.
- Плано Карпини, 2022 — *Плано Карпини Иоанн де.* История монголов: Текст, перевод, комментарии / под ред. А. А. Горского, В. В. Трепавлова, и др. М.: ИДВ РАН, 2022. 383 с.
- Powell, 2019 — *Powell, J.* Mongol Imperial Diplomacy: Letters, Documents, and Historical Reports. Oxford: Oxford University Press, 2019.
- Rachewiltz, 1983 — *Rachewiltz I.* Qan, qa'an and the seal of Güyüg / K. Sagaster and M. Weiers (eds) // *Documenta Barbarorum. Festschrift für Walther Heissig zum 70. Geburtstag*, Wiesbaden, 1983. Pp. 272—81. (In Eng.)
- Рашид ад-дин, 2018 — *Рашид ад-дин Фазлулах Хамадани.* Жамиғ ат-тауарих (Тарихтар жинағы). Көп томдық. 3-том. Астана: Фолиант, 2018. 600 б.
- Султанов, 2006 — *Султанов Т.* Поднятые на белой кошме. Потомки Чингиз-хана. Астана: ТОО «Астана Даму», 2001. 256 с.
- Сыздықов, 2020 — *Сыздықов С. М.* Алтын Орданың мемлекетінің идеологиясы // *Turkic Studies Journal*. № 3, 2020. 69—75 бб.
- Сыздықов, 2024 — *Сыздықов С. М.* Алтын Орда ұлыстарының (Жошы) мемлекетінің идеологиясы. Мына кіт.: «Қазақ мемлекеттілігінің бастауындағы Жошы Ұлысы: тарихи тағылымы мен мұрасы: ғылыми жинақ» Астана: Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2024. 41–46 бб.
- Shiratori, 1922 — *Shiratori Kurakiti.* Kakan to katon sogo ko (Issledovaniye titulov kagan i katun). Toyo gakukho. 1922. Vol. 11. № 3.
- Shiratori, 1926 — *Shiratori R A* Study on the Titles Kaghan and Katun // *Memoirs of the Research Department of the Toyo Bunko I* (1926), 1-39.
- Тоқаев, 2026 — *Тоқаев Қ. К.* Алтын Орда — дала өркениетінің үлгісі: тарих, археология, мәдениет, бірегейлік / Халықаралық симпозиумда сөйлеген сөзі // URL дерек көзі: [https://www.akorda.kz/kz/memleket-](https://www.akorda.kz/kz/memleket)

basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-altyn-orda-dala-orkenietinin-ulgisi-tarih-arheologiya-madeniet-biregeylik-atty-halykaralyk-simpoziumda-soylegen-sozi-1945728

Фидаров, 2023 — *Фидаров Р.Ф.* О некоторых неточностях в переводе А. С. Козина «Тайной истории монголов» // Золотоордынское обозрение. 2023. Т. 11. № 3. С. 521–531.

Цай Мэйбяо, 1955 — Цай Мэйбяо. «Юаньдай бэйхуа бэй цзилу» («元代白话碑集录»), 7–б., 2-түсіндірме. Пекин, 1955.

Yokkaichi Yasuhiro, 2009 — *Yokkaichi Yasuhiro*. Horses in e East-West Trade between China and Iran under Mongol Rule // B.G. Fragner, R. Kauz, R.Ptak, A. Schottenhammer. Pferde in Asien: Geschichte, Handel und Kultur (Horses in Asia: History, Trade and Culture). VERÖFFENTLICHUNGEN ZUR IRANISTIK № 46. Wien: Verlag der Österreichischen Akademie der Wissenschaften. 378

CONTENTS

HISTORIOGRAPHY AND SOURCE STUDIES

Alpysbes M.A., Khumarzakh A., Kara A. THE LETTER OF GÜYÜK KHAN AS A HISTORICAL SOURCE	608
---	-----

HISTORY

Batyrbayeva M., Dönninghaus V. THE HISTORY OF THE FORMATION OF CIVIL AVIATION IN KAZAKHSTAN (1920–1940)	626
Bekenova A.A., Mukhatova O.Kh. COMBATING CRIME AMONG HOMELESS CHILDREN IN KAZAKHSTAN IN THE 1920S	642
Berlibay E., Zhubanyshov B., Smanova A. THE CONSEQUENCES OF REPRESSION IN KAZAKHSTAN (1920-1950)	659
Zhirenov A.A., Kalan E. EMIR OF KHOREZM HUSSEIN SUFI IN HIS WORK “TAVARIKH-I GUZIDE-I NUSRAT-NAMEH“	677
Kapbarova G.Sh., Amirbek A.A., Gündogdu A. SETTLEMENT AND SOCIAL ADAPTATION OF KANDAS IN SOUTHERN KAZAKHSTAN: REGIONAL DYNAMICS AND THE IMPACT OF MIGRATION POLICY (2000–2023)	689
Kapayeva A.T., Kassymova D.B., Konkabayeva A.N. SOCIAL POLICY AND WOMEN’S HEALTH IN KAZAKHSTAN IN THE 1920S–1930S: A HISTORICAL-SOCIAL ANALYSIS	705
Mamytova S.N., Shayakhmet N.U., Batalov K.K. USE OF SNOW AND SNOW RETENTION PRACTICES IN THE ECONOMY OF THE KAZAKHS IN THE IRTYSH REGION (LATE 19TH – EARLY 20TH CENTURY)	725
Nurymbetova G.R., Abzhanov Kh.M. POLITICAL REPRESSION IN KAZAKHSTAN: THE FATE OF S. SEIFULLIN	738
Ospanova R.R., Murzakhodzhayev K. ACTIVITIES OF SECULAR AND MUSLIM EDUCATIONAL INSTITUTIONS IN THE SEMIRECHYE REGION AT THE TURN OF THE XIX–XX CENTURIES (INTERDISCIPLINARY ANALYSIS BASED ON ARCHIVAL DOCUMENTS)	753
Saktaganova Z.G., Zhagypar A.B., Baigozhina G.M. OME ASPECTS OF “DISSENT“ AMONG THE YOUTH OF KARAGANDA IN 1940–1945	772
Satenova M., Shotanova G., Zhetpisbay N. ON THE DEVELOPMENT OF DOMESTIC ARCHEOGRAPHY BASED ON DOCUMENTARY PUBLICATIONS OF THE 18TH–19TH CENTURIES	789
Toraigyrov E.M., Dzhumashev A.M. THE ZHATAKS OF THE IRTYSH REGION AND THE TEN-VERST BELT IN THE SECOND HALF OF THE 19TH – EARLY 20TH CENTURIES	806
Tuleshova U.Zh., Galimov E.A. IMPERIAL POWER AND QAZAQ ELITES: MAIN DIRECTIONS OF THE HISTORIOGRAPHICAL STUDY OF THE INSTITUTION OF SULTAN-RULERS IN THE JUNIOR ZHUZ	821
Tursun Kh.M., Khazretalikyzy R., Kapbarova G.M. THE HISTORICAL PSYCHOLOGY OF FORCED NOMADIC DISPLACEMENT	840
Cherepanov K.V., Omarova G.A., Ualtaeva A.S. THE FORMATION OF ALMATY AS THE POLITICAL CENTER OF KAZAKHSTAN (1920S–30S)	854
Shashayev A.K., Kurmanalina N.N., Belous S.G. POLICE ACTIVITIES DURING THE 1916 UPRISING IN THE SEMIRECHESK REGION	876

ETHNOLOGY/ANTHROPOLOGY

Razdykov S.Z., Sydygaliyev S.M., Khainazarov B.B. ONOMASTIC ELEMENTS OF SUFI ORIGIN IN THE GENEALOGY OF KAZAKH CLANS IN THE XIV–XV CENTURIES	892
Samashev S.K., Sapashev O.S., Seitkhanuly Sh. TAMGAS AND EAR MARKS (EN) OF THE KAZAKHS OF MONGOLIA	908
Sapatayev S.A., Kartayeva T.E., Orynbasar B.K. SEASONAL SETTLEMENTS OF THE DULAT TRIBE IN THE VALLEYS OF THE SHU-ILE AND TALAS RIVERS	926

МАЗМҰНЫ

ТАРИХНАМА ЖӘНЕ ДЕРЕКТАНУ

Алпысбес М.А., Хумарзах А. Қара Ә.	
КҮЙІК ХАННЫҢ ХАТЫ – ТАРИХИ ДЕРЕК КӨЗІ РЕТІНДЕ	608

ТАРИХ

Батырбаева М., Дёнингхаус В.	
ҚАЗАҚСТАНДА АЗАМАТТЫҚ АВИАЦИЯНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ (1920–1940 ЖЖ.)	626
Бекенова А.А., Мухатова О. Х.	
1920-ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ПАНАСЫЗ –	
БАЛАЛАР ҚЫЛМЫСЫНА ҚАРСЫ КҮРЕС	642
Берлібай Е., Жұбанышов Б., Сманова А.	
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚУҒЫН–СҮРГІНІНІҢ ЗАРДАПТАРЫ (1920-1950 жж.)	659
Жиренов А.А., Калан Э.	
«ТАУАРИХИ ГУЗИДЕ-И НУСРАТ НАМЕ»	
ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ ХОРЕЗМ ӘМІРІ ХУСЕЙН СУФИ	677
Капбарова Г.Ш., Амирбек А.А., Гүндоғду А.	
ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚАНДАСТАРДЫҢ ҚОНЫСТАНУЫ	
МЕН ӘЛЕУМЕТТІК БЕЙІМДЕЛУІ: АЙМАҚТЫҚ ДИНАМИКАСЫ	
ЖӘНЕ КӨШІ-ҚОН САЯСАТЫНЫҢ ӘСЕРІ (2000–2023 ЖЖ.)	689
Қапаева А.Т., Қасымова Д.Б., Қоңқабаева А.Н.	
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1920–1930-ЖЫЛДАРДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК САЯСАТ	
ЖӘНЕ ӘЙЕЛДЕР ДЕНСАУЛЫҒЫ: ТАРИХИ-ӘЛЕУМЕТТІК ТАЛДАУ	705
Мамытгова С.Н., Шаяхмет Н.У., Баталов Қ.Қ.	
ЕРТІС ӨңІРІ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДА	
ҚАРДЫ ПАЙДАЛАНУ ЖӘНЕ ҚАР ТОҚТАТУ ТӘЖІРИБЕЛЕРІ (XIX ғ. соңы – XX ғ. басы).....	725
Нұрымбетова Г.Р., Әбжанов Х.М.	
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН: С. СЕЙФУЛЛИН ТАҒДЫРЫ	738
Оспанова Р.Р., Мурзаходжаев Қ.	
XIX–XX ҒАСЫРЛАР ТОҒЫСЫНДА ЖЕТІСУ ӨңІРІНДЕГІ ЗАЙЫРЛЫ	
ЖӘНЕ МҮСЫЛМАНДЫҚ ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ	
(АРХИВТІК ҚҰЖАТТАР НЕГІЗІНДЕ ПӘНАРАЛЫҚ ТАЛДАУ)	753
Сақтағанова З.Ғ., Жағыпар Ә.Б., Байгожина Г.М.	
1940–1945 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ ЖАСТАРЫ АРАСЫНДАҒЫ	
«ӨЗГЕШЕ ОЙЛАУДЫҢ» КЕЙБІР АСПЕКТІЛЕРІ	772
Сатенова М., Шотанова Г., Жетпісбай Н.	
XVIII–XIX ҒҒ. ҚҰЖАТТЫҚ ЖАРИЯЛАНЫМДАР НЕГІЗІНДЕГІ ОТАНДЫҚ	
АРХЕОГРАФИЯНЫҢ ДАМУЫ ТУРАЛЫ.....	789
Торайғыров Е.М., Джумашев А.М.	
XIX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫ – XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ	
ЕРТІС ӨңІРІ МЕН ЕРТІС ОН ШАҚЫРЫМДЫҚ БЕЛДЕУІНДЕГІ ЖАТАҚТАР.....	806
Түлешова Ұ.Ж., Галимов Е.А.	
ИМПЕРИЯЛЫҚ БІЛІК ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ЭЛИТАСЫ: КІШІ ЖҮЗДЕГІ БІЛЕУШІ	
СҰЛТАНДАР ИНСТИТУТЫН ТАРИХНАМАЛЫҚ ЗЕРТТЕУДІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ.....	821
Түрсүн Х. М., Хазретәліқызы Р., Капбарова Г. М.	
МӘЖБҮРЛІ АУА КӨШУДІҢ ТАРИХИ ПСИХОЛОГИЯСЫ	840
Черепанов К.В., Омарова Г.А., Уалтаева А.С.	
АЛМАТЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАННЫҢ САЯСИ ОРТАЛЫҒЫ РЕТІНДЕ ҚАЛЫПТАСУЫ (1920–30 ЖЖ.)	854
Шашаев Ә.К., Құрманалина Н.Н., Белоус С.Г.	
ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДАҒЫ 1916 ЖЫЛҒЫ КӨТЕРІЛІС КЕЗІНДЕГІ ПОЛИЦИЯ ҚЫЗМЕТІ	876

ЭТНОЛОГИЯ/АНТРОПОЛОГИЯ

Раздықов С.З., Сыдығалиев С. М., Хайназаров Б.Б.	
XIV–XV ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҚАЗАҚ РУЛАРЫ ШЕЖІРЕСІНДЕГІ	
СОПЫЛЫҚ ТЕКТІ ОНОМАСТИКАЛЫҚ ЭЛЕМЕНТТЕР.....	892
Самашев С.Қ., Сапашев О.С., Сейітханұлы Ш.	
МОҢҒОЛИЯ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ЕН-ТАҢБАЛАРЫ.....	908
Сапатаев С.Ә., Қартаева Т.Е., Орынбасар Б.Қ.	
ШУ-ІЛЕ ЖӘНЕ ТАЛАС ӨЗЕНДЕРІ АҢҒАРЛАРЫНДАҒЫ ДУЛАТ ТАЙПАСЫНЫҢ	
МЕРЗІМДІК ҚОНЫСТАРЫ	926

СОДЕРЖАНИЕ

ИСТОРИОГРАФИЯ И ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ

Алпысбес М.А., Хумарзах А. Кара А.	
ПИСЬМО ХАНА ГУЮКА КАК ИСТОРИЧЕСКИЙ ИСТОЧНИК	608

ИСТОРИЯ

Батырбаева М., Дённингхаус В.	
ИСТОРИЯ СТАНОВЛЕНИЯ ГРАЖДАНСКОЙ АВИАЦИИ В КАЗАХСТАНЕ (1920–1940 ГГ.)	626
Бекенова А.А., Мухатова О.Х.	
БОРЬБА С ПРЕСТУПНОСТЬЮ БЕЗПРИЗОРНЫХ ДЕТЕЙ В КАЗАХСТАНЕ В 1920-Х ГОДАХ	642
Берлибай Е., Жубанышов Б., Сманова А.	
ПОСЛЕДСТВИЯ РЕПРЕССИЙ В КАЗАХСТАНЕ (1920-1950 ГГ.)	659
Жиренов А.А., Калан	
ЭМИР ХОРЕЗМА ХУСЕЙН СУФИ В ПРОИЗВЕДЕНИИ «ТАВАРИХИ ГУЗИДЕ-И НУСРАТ НАМЕ»	677
Капбарова Г.Ш., Амирбек А.А., Гюндоду А.	
РАССЕЛЕНИЕ И СОЦИАЛЬНАЯ АДАПТАЦИЯ КАНДАСОВ В ЮЖНОМ КАЗАХСТАНЕ: РЕГИОНАЛЬНАЯ ДИНАМИКА И ВЛИЯНИЕ МИГРАЦИОННОЙ ПОЛИТИКИ (2000–2023 ГГ.)	689
Капаева А.Т., Касымова Д.Б., Конкабаева А. Н.	
СОЦИАЛЬНАЯ ПОЛИТИКА И ЖЕНСКОЕ ЗДОРОВЬЕ В КАЗАХСТАНЕ В 1920–1930-Е ГГ.: ИСТОРИКО-СОЦИАЛЬНЫЙ АНАЛИЗ.....	705
Мамытова С.Н., Шаяхмет Н.У., Баталов К.К.	
ИСПОЛЬЗОВАНИЕ СНЕГА И ПРАКТИКИ СНЕГОЗАДЕРЖАНИЯ В ХОЗЯЙСТВЕ КАЗАХОВ ПРИИРТЫШЬЯ (КОНЕЦ XIX – НАЧАЛО XX ВЕКА)	725
Нурымбетова Г.Р., Абжанов Х.М.	
ПОЛИТИЧЕСКИЕ РЕПРЕССИИ В КАЗАХСТАНЕ: СУДЬБА С. СЕЙФУЛЛИНА.....	738
Оспанова Р.Р., Мурзаходжаев К.	
ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ СВЕТСКИХ И МУСУЛЬМАНСКИХ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ УЧРЕЖДЕНИЙ В РЕГИОНЕ СЕМИРЕЧЬЕ НА РУБЕЖЕ XIX И XX ВЕКОВ (МЕЖДИСЦИПЛИНАРНЫЙ АНАЛИЗ НА ОСНОВЕ АРХИВНЫХ ДОКУМЕНТОВ).....	753
Сактаганова З. Г., Жагыпар А.Б., Байгожина Г.М.	
НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ «ИНАКОМЫСЛИЯ» СРЕДИ МОЛОДЁЖИ КАРАГАНДЫ В 1940–1945 ГОДАХ	772
Сатенова М., Шотанова Г., Жетписбай Н.	
О РАЗВИТИИ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ АРХЕОГРАФИИ НА ОСНОВЕ ДОКУМЕНТАЛЬНЫХ ПУБЛИКАЦИЙ XVIII–XIX ВВ.	789
Торайгыров Е.М., Джумашев А.М.	
ЖАТАКИ ПРИИРТЫШЬЯ И ДЕСЯТИВЕРСТНОЙ ПОЛОСЫ ВО 2-Й ПОЛОВИНЕ XIX–НАЧАЛЕ XX ВВ.	806
Тулешова У.Ж., Галимов Е.А.	
ИМПЕРСКАЯ ВЛАСТЬ И КАЗАХСКАЯ ЭЛИТА: ОСНОВНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ ИСТОРИОГРАФИЧЕСКОГО ИЗУЧЕНИЯ ИНСТИТУТА СУЛТАНОВ-ПРАВИТЕЛЕЙ МЛАДШЕГО ЖУЗА.....	821
Турсун Х.М., Хазреталикызы Р., Капбарова Г.М.	
ИСТОРИЧЕСКАЯ ПСИХОЛОГИЯ ВЫНУЖДЕННОГО ОТКОЧЕВАНИЯ	840
Черепанов К.В., Омарова Г.А., Уалтаева А.С.	
ФОРМИРОВАНИЕ АЛМА-АТА КАК ПОЛИТИЧЕСКОГО ЦЕНТРА КАЗАХСТАНА (1920–30-Е ГГ.)	854
Шашаев А.К., Курманалина Н.Н., Белоус С.Г.	
ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ПОЛИЦИИ В ПЕРИОД ВОССТАНИЯ 1916 ГОДА В СЕМИРЕЧЕНСКОЙ ОБЛАСТИ	876

ЭТНОЛОГИЯ/АНТРОПОЛОГИЯ

Раздыков С.З., Сыдығалиев С. М., Хайназаров Б.Б.	
ОНОМАСТИЧЕСКИЕ ЭЛЕМЕНТЫ СУФИЙСКОГО ПРОИСХОЖДЕНИЯ В ГЕНЕАЛОГИИ КАЗАХСКИХ РОДОВ XIV–XV ВВ.....	892
Самашев С.К., Сапашев О.С., Сейитханулы Ш.	
ТАМГИ И ЕН КАЗАХОВ МОНГОЛИИ	908
Сапатаев С.А., Картаева Т.Е., Орынбасар Б.К.	
СЕЗОННЫЕ ПОСЕЛЕНИЯ ПЛЕМЕНИ ДУЛАТ В ДОЛИНАХ РЕК ШУ-ИЛЕ И ТАЛАСА	926

ASIAN JOURNAL «STEPPE PANORAMA»
2026. 13(2)

Бас редактор:
Қабылдинов З.Е.

Компьютерде беттеген:
Зикирбаева В.С.

Құрылтайшысы және баспагері:
Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Редакция мен баспаның мекен-жайы:
050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Журнал сайты: <https://ajspiie.com>

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТЖЭИ басылған:
050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй